# SARYARQA

24.05.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№19 (8133)



AINA
«ТЕРЕКТІДЕН ШЫҚҚАН ТЕКТІЛЕР»
2-бет

DÚBIR
КӘСІПКЕРЛЕР ПӘТЕР СЫЙЛАДЫ
3-бет

QOǴAM
КЕТБҰҚА БАБА ІЗІМЕН
4-бет

RESMI
СУДА САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!
6-бет


СЕМИНАР

## МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІ ҚОЛДАНУ ТАЛАПТАРЫН ТҮСІНДІРДІ

**Жезқазған қаласында Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен «Мемлекеттік рәміздерді қолдану» тақырыбында өткен семинарға Жезқазған-Ұлытау аймағының білім ордалары мен мемлекеттік мекемелерінің басшылары қатысты. Семинар ҚР Мемлекеттік рәміздері күніне орай өткізілді.**



Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының мемлекеттік рәміздерді насихаттау және идеологиялық жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Әйгерім Исбекова төрағалық еткен кездесуге ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы, белгілі сәулетші Жандарбек Мәлібеков пен Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Байқоңыр Ижанов қатысты.

– Мемлекеттік рәміздердің қолдану тәртібін түсіндіру жұмыстарына біздің тарапымыздан ерекше мән беріледі. «ҚР Мемлекеттік рәміздері туралы» Заңының орындалысын бақылайтын жұмыс топтары құрылған. Ішкі саясат басқармасы жанындағы осы топ биылдың өзінде 116 мекемені тексеріп, мекеме басшыларына қажетті ұсыныстар берді. Бүгінгі таңда Елтаңбаның жаңа үлгісі қолданысқа енгізілгені белгілі. Қазір облыс көлемінде жаңа стандарттарға сай Елтаңбаны қолдану көрсеткіші 40 пайызды құрап отыр. Осы ретте Жезқазған қаласының көрсеткіші жоғары екенін атап өту керек, – деген Әйгерім Исбекованың сөзін Жандарбек Мәлібекұлы жалғады. Ол өз сөзінде жиналғандарды Елтаңбаның идеясы мен мағынасына үңілтіп, рәміздерді насихаттаудың әдіс-тәсілдерімен бөлісті.

– Отан біз үшін ең алдымен біздің мемлекеттік рәміздерімізден басталуы қажет. Желбіреген көк байрағымыз бен асқақтап тұрған Әнұранымыз, сондай-ақ, елдігімізді айшықтайтын Елтаңба тұтастай алғанда қазақ халқының ерекшелігі мен ұлттық кодын белгілейді. Еліміздің мемлекеттік рәміздеріне деген құрметті біз ұрпақтарымыздың бойына ерте жастан сіңіруіміз қажет, – деген Елтаңбаның авторы семинар қатысушыларын емін-жарқын әңгімеге тартты. Ұстаздар қауымының өтініш-тілектеріне құлақ асты. Залдан түскен алғашқы сауал Елтаңба бейнесінің кейбір басылымдарда қолданылуына қатысты болды. Газеттер көп жағдайда үй шаруашылығында басқа мақсатта қолданылғандықтан мерзімді басылым беттерінде Елтаңбаны қолдануға тиым салынса деген ұсынысты көпшілік қолдады.

Жиында Жандарбек Мәлібеков мекемеге стандартқа сай Елтаңбаны орнату үшін тек рұқсаты бар компаниялармен жұмыс жасау қажеттігін алға тартып, нарықта көршілес елдерде дайындалған сапасыз Елтаңбалар саудаланып жатқанына налыды. Сондай-ақ, биылдан бастап рәміздерді жасаушылар сатып алушыға үш жылдық кепілдеме беруге міндеттелетінін де жеткізді.

– Көп жағдайда рәміздерді ұсынатын компаниялар оларды тауар есебінде көреді. Өкiніштісі де сол. Рәміз тауар болмады және болмайды да. Рәміздер – біздің құндылығымыз, – деп қадап айтты.

Семинар барысында Қарағанды облысы бойынша техникалық реттеу және метрология комитеті департаментінің бас маманы Нұржан Сатыбалдинов сөз сөйлеп, Елтаңбаның ескі және жаңа үлгілерінің стандарттары арасындағы негізгі айырмашылықтарды слайдтар арқылы көрсете отырып, мемлекеттік Елтаңбаның жаңа стандарты бойынша жан-жақты түсініктеме берді.

Келесі болып мінберге шыққан Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова мемлекеттік рәміздерді насихаттау бойынша жасалған жұмыстарды өз баяндамасына арқау етті. Баяндамышының айтуынша, Жезқазған қаласында осы бағытта қыруар жұмыс атқарылған. Ол жұмыстар облыстық ішкі саясат басқармасы тарапынан оң бағаға ие болды. Атап айтқанда, жезқазғандық жастарға патриоттық тәрбие беру және мемлекеттік рәміздерге деген құрметті қалыптастыру мақсатында білім ошақтарында «Мемлекеттік рәміздер – елдіктің белгісі», «Рәміздер – елдігімнің тірегі», «Мемлекеттік рәміздер – ел егемендігінің берік негізі» тақырыбында жыл бойы түрлі шаралар өткізіледі. Сонымен қатар, мемлекеттік рәміздер күні қарсаңында қала әкімдігінің қолдауымен «Ең үздік мемлекеттік рәміздер бұрышы, «Мекеме басшысы кабинетіндегі мемлекеттік рәміздердің үздік орналасуы», «Мемлекеттік рәміздерге түнгі жарықтандыруды ұйымдастырудың көрнекі түрі» сынды аталымдар бойынша конкурс ұйымдастыру да дәстүрге айналған. Конкурс ҚР мемлекеттік рәміздердің дұрыс қолданылуы мен орналасуын дәріптеуді, олардың қадір-қасиетін арттыруды көздейді.

2018 жылдың қараша айынан Елтаңба стандартына өзгеріс енгізілгені белгілі. Нақтырақ айтқанда, енді Елтаңбадағы «Қазақстан» сөзі латын графикасымен жазылмақ. Осы орайда барлық мемлекеттік мекемелер 2020 жылдың соңына дейін Елтаңбалары мен мөрлерін, мекеме бланктері мен маңдайшаларын ауыстыруға міндеттелген. Жезқазған қаласында осы мақсатқа мемлекеттік мекемелер үшін 9 млн 100 мың теңге, ал, қала мектептері мен балабақшаларға 3 млн 595 мың теңге көлемінде қаржы бөлінген. Елтаңбаны ауыстыру бойынша жұмыстардың орындалысы қала бойынша 87 пайызға жеткені де үлкен жетістік.

Мемлекеттік рәміздерді пайдалану жұмысына қажетті ақпармен сусындаған семинар қатысушылары атынан Светлана Жумкина Жезқазған-Ұлытау жеріне атбасын бұрған тарихи тұлға Жандарбек Мәлібековке ризашылығын білдірді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

21 МАМЫР – МӘДЕНИЕТ және ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

## ҮЗДІКТЕРГЕ – ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ СЫЙЛЫҒЫ




**Қарағандыда мәдениет пен өнер саласының үздіктері өздерінің кәсіби мерекесі қарсаңында облыс әкімінің сыйлығына ие болды. Бірнеше жыл қатарынан бұл сыйлық мәдениет қызметкерлеріне кәсіби тұрғыда жетістіктерге жеткені, кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіргені және мәдени саланың дамуына қосқан үлестері үшін табысталып келеді. Биыл комиссия 22 лауреатты таңдады.**

– Мәдениет болмаса біз кім болар едік? Сіздердің қойылымдарыңыз бен концерттеріңіз біз үшін – ерекше оқиға. Жаңа ән мен жаңа фильм кез-келген маңызды жаңалықтан басым болып кетеді. Бір сөзбен айтқанда, сіздер біздің өмірімізге жарқын бояулар мен жағымды эмоциялар сыйлайсыздар, – деді облыс әкімі Ерлан Қошанов К.Станиславский атындағы театрда өткен марапаттау рәсімінде.

Аймақ басшысы биылғы жылы алғаш рет облыстық бюджеттен мәдениет саласы мамандарына жоғары білім беруге мемлекеттік тапсырыс бергенін хабарлады. Сонымен қатар, жергілікті университеттерде мәдениет және өнер мамандарын даярлау мүмкіндігі талқылануда.

Жезқазғандықтардан С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының әртісі Ардақ Жарқынбеков облыс әкімінің «Жыл әртісі» аталымы бойынша сыйлығына ие болды. Театр қызметкерлері алған марапат бұнымен шектелмейді. Қуыршақ труппасының артисі Гүлнұр Асылбекова ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, актриса Сәбира Бегайдарова, музыка бөлімінің меңгерушісі Үмітай Абдулаева ҚР Мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлері салалық кәсіптік одағының «Еңбек даңқы» төс белгісімен марапатталды. Сонымен қатар, қуыршақ труппасының ардагер артисі Валерий Попов ҚР Мәдениет министрінің, және драма актері Жәнібек Арыстамбеков мәдениет қызметкерлері облыстық кәсіподағының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Кәсіби мереке қарсаңында Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің бірқатар қызметкерлері ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің, салалық кәсіподақтың марапаттарына ие болды. «ҚР Мәдениет ісінің үздігі» төсбелгісімен қор бөлімінің аға ғылыми қызметкері Шарапат Ауелова, бас есепші Бақытжан Ашембекова, ҚР Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиұлының Алғыс хатымен экспозиция бөлімінің ғылыми қызметкері Кешубай Байдильдинов, ҚР мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Құрмет грамотасымен музей басшысының орынбасары Зағира Калменова марапатталды.

Жезқазған филармониясының әншісі Гүлдәурен Жидебаева облыстық мәдениет басқармасының «Халық әнін үздік орындаушы» номинациясын иеленді.

**Өз тілшіміз**

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

## КӨПБЕЙІНДІ АУРУХАНА — ЖАҢА КЕЗЕҢДЕ

**Жезқазғандағы тоғыз қабатты еңселі емдеу мекемесі тұрғындар үшін облыс кезінен қалған елеулі сыйдың бірі десек болады. Сол кезеңдегі өскелең талапқа сай бой көтерген облыстық көпсалалы аурухана 1989 жылдың басында ашылған болатын. Содан бері биыл 65 жылдығын атап өткелі отырған қаламыздың басты медициналық орталығына айналды. Облыс таратылған соң аймақтық көп салалы аурухана ретінде өмір сүрді. Денсаулық сақтау саласын дамыту мақсатында елімізде әр деңгейдегі реформалар жасалып жатқаны белгілі. Соған орай, бүгінде «Жезқазған қаласының көпбейінді ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны деп аталыпты. Атауы өзгерген екен, «заты қандай болыпты» деген оймен жақында емдеу мекемесіне арнайы барып, қазіргі жағдайымен жан-жақты танысқан едік.**




Науқастардың медициналық көмекті бір жерде алуы үшін кейінгі уақытта елімізде көпбейінді стационарлық емдеу орындары құрыла бастағанынан хабарымыз бар болатын. «Бейінді» деген сөздің құлаққа аса сіңісе қоймайтыны рас, бірақ жоғарыдан түскен пәрмен бойынша барлық жерде осылайша аталып жатқан көрінеді. Кім біледі, жата-жастана келе бұған да үйреніп кетерміз. Негізінде, Денсаулық сақтау министрлігі 2018-2025 жылдар аралығында қазірге дейін жұмыс істеп тұрған ауруханаларды бір-бірімен біріктіріп, ірілендіру арқылы медициналық көмек көрсететін үлкен ұйымға айналдыруды көздеп отыр. Жезқазғанда да бұрын жеке-жеке ғимараттарда отырған жұқпалы аурулар мен балалар ауруханалары, қан құю орталығы, тері-венерологиялық диспансері осында келіп, жұмысын жаңартып жатқан аурухананың бөлімшелеріне айналды. Енді перзентхананы осында көшіру жұмыстары қолға алыныпты. Қазір сметалық-жобалау жұмыстары тиянақталу үстінде. Осыған сәйкес қаржы бөлініп, биыл бөлімшенің жөндеу жұмыстары жүргізілмекші. Жөндеу аяқталған соң алдағы жылдан бастап перзентхана да осында қоныс тебеді.

— Бұл өзгеріс жүкті аналарға, сәбилерге жан-жақты әрі оңтайлы медициналық көмек беру мақсатында жасалып отыр. Босандыру орнының мамандар шоғырланған жерде болуы – ана мен бала өлімінің алдын алуға қолайлы. Бүгінгі таңда жүкті әйелдердің арасында қаны аз, жүрек, бүйрек аурулары сияқты денсаулықтарында кінәратты жағдайлар көп кездесуде. Ауруханада қазіргі заманға сай жетілдірілген медициналық жабдықтар жеткілікті. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында компьютерлік және магнитті-резонансты томография қойылған. Сондай-ақ, жүректі, іш құрылыстарын, басты және қан тамырларын ультра дыбысты тексеру құрылғылары бар. Зертханалар да тиісті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Клиникалық-диагностикалық орталық медициналық көмек көрсетудің барлық талаптарына сай.

►► 3-бетте






**Оқырмандар назарына!**

Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетіне 2019 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу басталғанын хабарлаймыз.

**Газетке жазылу құны**

***Жеке тұлғалар үшін:***

– Редакциядан келіп алушыларға – 1500 теңге;
– Мекенжайға жеткізіп беру – 2000 теңге;

***Мекеме, кәсіпорындар үшін:***

– Редакциядан келіп алушыларға – 3500 теңге;
– Мекен-жайға жеткізіп беру – 3000 теңге.

Газетке жазылу шарттары туралы қосымша мәліметті

**8(7102) 77 50 25, 71 07 01, 71 00 55** телефондары арқылы біле аласыздар.

SARYARQA-АҚПАРАТ

## ТЕҢГЕ БАҒАМЫ ТҰРАҚТЫ



**Қазақстанда ақша-несиелік саясат, валюталық саясат тұрақты. Бұл туралы Парламент Мәжілісінде тілшілер сауалына жауап беру кезінде Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев мәлімдеді.**

– Қазіргі бағамдық валюталық саясат бүгіндегі орын алып отырған өзгерістерге сай келеді. Инфляциялық таргеттеу саясаты елде толық көлемде жүзеге асырылуда, – деді ҰБ басшысы девальвацияға қатысты тараған қауесет бойынша тілшілер сауалына жауап бере отырып.

Оның пайымынша инфляция бойынша төрт айдың нәтижесі бұл көрсеткіштің қажетті дәлізде тұрғанын байқатып отыр.

– Әрбір сарапшы өз болжамын (девальвацияға қатысты) айтуға құқылы. Атап айтқанда, елімізде ақша-несиелік саясат, валюталық саясат тұрақты, – деді Ерболат Досаев.

Бұдан бұрын хабарланғандай, биылғы жылғы сәуірде айлық инфляция 0,5 пайызды құрады.

Жылдық инфляция 2019 жылға арналған 4-6 пайыздық нысаналы дәліз шегінде тұрақтанды және сәуір айының қорытындысы бойынша 4,9 пайыз деңгейінде қалыптасты.

## ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНК АРАЛ ТЕҢІЗІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ

**Еуропалық Одақ пен Дүниежүзілік банк Орталық Азияның энергетикалық және су қауіпсіздігін қолдау үшін 7 млн еуро көлемінде жаңа грант беру туралы келісімге қол қоюға ниетті. Бұл жайында Еуропалық Одақтың Қазақстандағы өкілдігі мәлім етті.**



Таратылған ақпаратта су ресурстарын тиімді пайдалану Орталық Азияның барлық елдерінің тұрақты дамуының маңызды бөлшегі саналатындығы айтылған. Бөлінетін қаржы Дүниежүзілік банк жүзеге асыратын Орталық Азиядағы энергетикалық және су ресурстарын дамыту бағдарламасына зор үлес қосады. Аталған бағдарлама 2009 жылы басталды және Орталық Азия елдерінің (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан) өңірлік ынтымақтастықтығын дамыту арқылы энергетикалық және су қауіпсіздігін нығайтуға жәрдемдесуге бағытталған.

2019 жылдың 23 мамырында келісімге қол қою шарасына Дүниежүзілік банктің Орталық Азия бойынша өңірлік директоры Лилия Бурунчук және ЕО-ның Қазақстандағы Елшісі Свен-Олов Карлссон қатысады. Шара барысында әкімшілер бағдарламаны жүзеге асыруда қол жеткізген жетістіктер мен нәтижелер жайында айтып, алдағы жоспарларымен бөліседі.

«CAWEP Орталық Азия елдерінің су және энергетика қауіпсіздігін дамыту жолында техникалық сараптама, сараптамалық және инвестициялық қолдау көрсетуін жалғастыра береді. Қазақстанда CAWEP Арал теңізі үшін жаңа инвестициялық жоба дайындауға қолдау көрсетіп, техникалық зерттеу жүргізеді. Бұл Арал сағасын қайта қалпына келтіруге септігін тигізетін болады» делінген таратылған ақпаратта.

## ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНДЕ – ЖАҢА БАСШЫ

**ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен Анар Сайранқызы Абылқасова Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің төрайымы болып тағайындалды.**



А. Абылқасова 1976 жылы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. 1997 жылы Қарағанды мемлекеттік университетін «журналист» мамандығы бойынша, 2000 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «журналистика магистрі» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1997 жылы Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде журналистика кафедрасының оқытушысы ретінде бастаған.

2000-2004 жылдары – Солтүстік Қазақстан университетінің оқытушысы, аға оқытушысы.

2004-2009 жж. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің саясаттану кафедрасының аға оқытушысы, доценті.

2009-2015 жылдары ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің құрылымында Хатшылық сарапшысы, Талдау орталығының сектор меңгерушісі, консультанты, ситуациялық орталықтың сектор меңгерушісі қызметтерін атқарған.

2015 жылғы шілдеден бастап қазіргі таңға дейін ҚР Қауіпсіздік Кеңесі талдау бөлімінің сектор меңгерушісі қызметін атқарды.

## РЕСЕЙДЕН ІЗДЕГЕН ҚЫЛМЫСКЕР ЕЛОРДАДА ҚОЛҒА ТҮСТІ

**Елордалық полицейлер Ресейде мемлекетаралық іздеуде жүрген қылмыскерді ұстады.**

Бүгінде елорда аумағында «Қаңғыбас» жедел алдын алу іс-шарасы өтіп жатыр.

«Соның нәтижесінде 250 адам тексеріліп, әртүрлі қылмыс жасады деген күдікпен 11 адам анықталды. ТМД елдерінде іздеуде болған 2 адам анықталды. Із-түзсіз жоғалған 5 адам табылды. Тұрақты мекенжайы және құжаттары жоқ 30 адам қабылдап-тарату орнына жеткізілді» делінген хабарламада.

Іс-шара кезінде полицейлер Құрақты көшесіндегі үйлердің бірінен қылмыскерді анықтап, ұстады. 32 жастағы ер адам Ресей Федерациясында «денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені үшін» мемлекетаралық іздеуде жүрген. Сәуір айының басынан бері полиция қызметкерлері іздеп жатқан 30-ға жуық қылмыскер ұсталды.

# БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ ҚАЙДА ӨТЕДІ?



**Қарағандыда 41 360 баланың жазғы демалысы ұйымдастырылды. Оқушылар мектеп жанындағы лагерьлерде және қала сыртында демалады.**

Биыл «Салют» балалар сауықтыру орталығы екі мыңға жуық баланы қабылдайды. Балаларды қабылдау 10 маусымда басталады. Барлығы 12 күннен төрт маусым жоспарланған. Лагерьдегі ас мәзірін Бұқар жырау ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы бекіткен. Сонымен қатар, орталық жаз бойына ыстық сумен қамтамасыз етіледі. Лагерьдегі тұрғын және шаруашылық корпустар жөнделген. Алғашқы ауысымның ашылуы алдында онда толық тазалау жұмыстары өткізіледі, ауладағы ағаштар әктеліп, баннер мен таяқшалар жаңартылады.

Қарағандының балалар мен жасөспірімдер сарайы Қарқаралыдағы «Медик» демалыс орнында 250 мектеп оқушысы үшін демалыс ұйымдастырады.

Тағы 160 бала зияткерлік және спорттық сайыстар мен олимпиада жеңімпаздары қала сыртындағы лагерьге барады.

Көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан 10 бала 24 сәуір мен 17 мамыр аралығында Алматыдағы «Бөбек» сауықтыру орталығында демалып келді.

19 мамыр 11 маусым аралығында 50 оқушы Қапшағайдағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығына барады.

Сонымен қатар, осы жазда Қарағандыда мектеп жанынан 225 лагерь ашылады. Оларға 17 мыңнан астам бала барады деп жоспарлануда. Бірінші маусым 1-ші маусымда басталады.

Жазғы демалыс кезінде 165 жасөспірім «Жасыл ел» жастар жасағында еңбек ете алады.

**Өз тілшіміз**

# ОБЛЫСТАН ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

**Жақында Қарағанды қаласында мүмкіндігі шектеулі жандар арасында дәстүрлі спартакиада өтті. Осы айтулы додаға бір топ жерлестеріміз қатысып, олжамен оралды. Бойларын намыс кернеген жезқазғандық спортшылар жеңіс үшін бар күш- жігерлерін сарп етті. Нәтижесінде қала абыройын аспандатып, командалық есепте жүлделі І орынды иеленді.**

Қарағанды қаласында 15-17 мамыр аралығында тірек-қимыл аппараты зақымданған, есту және көру органдарының жұмысы бұзылған мүгедек спортшылар арасындағы Қарағанды облысы әкімінің жүлдесі үшін дәстүрлі облыстық спартакиада өтті. Аталған спартакиадаға Жезқазған қаласының мүмкіндігі шектеулі жандардан құралған құрама команда қатысып, нәтижесінде жеңімпаз атанып жалпы командалық есепте жүлделі І орынды иеленді.

Аталған додаға Қарағанды, Теміртау, Саран, Балқаш, Приозерск, Шахтинск, Қаражал, Сәтбаев, Жезқазған қалалары мен Нұра, Қарқаралы, Осакаров, Абай, Жаңаарқа, Ұлытау, Шет, Бұқар жырау, Ақтоғай аудандарының командалары қатысты. Үш күнге созылған сайыста жерлестеріміз төмендегідей нәтижемен жеңіс тұғырынан көрінді. Жеңіл атлетикада – 6 орын, үстел теннисі (СПОДА) – 3 орын, үстел теннисі (есту) – 2 орын, тоғызқұмалақ (көру) – 2 орын, тоғызқұмалақ (СПОДА) – 3 орын, дойбы – 1 орын, шағын футбол – 2 орын. Жалпы командалық ұпай бойынша Жезқазған қаласы 131 ұпаймен жүлделі І орынды, Абай ауданы 114 ұпаймен жүлделі ІІ орынды, ал, Қарағанды қаласы 113 ұпаймен ІІІ орынды иеленді. Жезқазғандық спортшылар арнайы диплом және медаль, сайыстың кубогін иеленіп қайтты.

Спортшыларға осындай спорттық кездесуге қатысуға мүмкіндік туғызып, қолдау танытқан – Жезқазған қаласының әкімдігі. Жетекшілік жасап, барлық мүмкіндікті жасаған бапкер жаттықтырушы Жаңабай Оразалиннің де еңбегін атап өтпеске болмас. Сондықтан, жеңімпаздар сүйікті спортымен айналысуға жағдай жасағандарға шексіз алғыстарын білдіреді.

**Ізтөлеу ТҮСІПОВ**



# ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ҚАЛАЛЫҚ КЕЗЕҢІ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

**Бүгінде арамызда тағдырдың ыстығы мен суығына қол ұстаса төзіп, мәуелі бәйтеректей тамырын тереңге жайған, ырыс-несібесі тасыған әулеттер көп. Отбасы институты құлдыраған қазіргі тұста оларды насихаттап, жас отбасыларға өнеге ету маңызды. Сондықтан болар елімізде «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауын өткізу игі дәстүрге айналды. Ұлттық байқаудың қалалық кезеңі Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде ішкі саясат бөлімінің қолдауымен өтті.**

«Мерейлі отбасы» байқауының қалалық бірінші кезеңіне қатысуға Жезқазғаннан ымыра-бірлігі жарасқан 20 отбасы өтінім білдірген. Комиссия отырысының шешімі бойынша олардың жетеуі ғана түрлі номинацияларға лайықты деп танылды. Отбасылық өнегесімен, сыйластығымен, сондай-ақ, мейірім шуағымен дараланған отбасыларды марапаттау салтанатына қала жұртшылығы жиналды.

Әсем әнмен, ырғақты бимен айшықталған салтанатта алғашқы болып Стамқұловтар отбасы марапатталды. Саналы ғұмырын бала оқыту ісіне арнаған ардагер ұстаз Әлирахман Стамқұлұлы мен алтын құрсақты ана Роза Секеманованың отбасы «Мәуелі бәйтерек» номинациясын жеңіп алды. ҚР Еңбек сіңірген инженері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Түсіп Әбеев пен бала жанының бағбаны атанған Төлеу Нақыпбекова «Өнегелі отбасы» деген мадаққа ие болды. 8 баладан өрбіген 19 немере мен 9 шөберенің тәрбиесімен айналысып отырған оларға жиналғандар қызыға қарағанын көрдік. «Ұлағатты отбасы» номинациясы Әубәкіровтер әулетіне бұйырды. Шаңырақтың иесі, «Жыл мұғалімі» атанған Думан Жақияұлының ұстаздық еңбек жолын тұңғышы Айшуақ жалғаған екен. Ақылды да тәрбиелі бес баланың әке-анасы Еділ Әбішев пен Гүлжайна Ордабаева «Үлгілі отбасы» номинациясын қанжығаға байлады. Өндіріс саласында еңбек етіп, «Үздік жас қызметкер» атанған Асхат Қадыровтың отбасы «Жарасымды жанұя» номинациясына лайықталса, қалалық «Әкем, шешем және мен» отбасылық конкурстың жеңімпазы Медет Серікбайұлы бастаған Әбдіқамал отбасы «Ізгілікті шаңырақ» номинациясымен марапатталды. Номинация иегері атанған отбасыларға 50 мың теңге мен дипломдар табысталды. Ал, бас жүлде «Мерейлі отбасы – 2019» атағы Салқауовтар әулетіне тиесілі.



Бұл әулеттің өндірістегі еңбек өтілі – 500 жыл. Әулеттің көшбасында Тағанбай Салқауов тұр. Тағанбай атамыз да, Нүрилә әжеміз де – «Құрмет белгісі» орденінің иегерлері, Құрметті металлургтер. Төлеген, Қайрат, Ахметхан, Ахат есімді балалары әке жолын жалғап, өндірісте қызмет етуде. Еліміздің түсті металлургия саласында өз қолтаңбасын қалдырған атай мен әжей бүгінде 10 баладан тараған 29 немере мен 4 шөберенің қызығын қызықтап отырған жайы бар. Салқауовтар отбасы 100 мың теңгелік сыйлықтың иегері атанды.

**Бота ШАЛҚАР**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# «ТЕРЕКТІДЕН ШЫҚҚАН ТЕКТІЛЕР»

### *жобасы өз жалғасын тапты*

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мұрындық болуымен қолға алынған «Теректіден шыққан тектілер» жобасы аясында ақын, сазгер Несіпкүл Бекенқызының шығармашылығына арналған «Туған жерім Теректім» атты кездесу ұйымдастырылды.**

Теректі ауылының тұрғындарын жинаған жүздесудің шымылдығын Тайжан Қалмағамбетов атындағы филармонияның әншісі, «Қайнар» сыйлығының лауреаты Қайрат Әбеуов Несіпкүл Бекенқызының әніне жазылған Жұмағали Наурызбайдың «Теректі» әнімен түрсе, құттықтаулар легін қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Салтанат Нұрлыбаева бастап берді.

–Теректінің қасиетті топырағы талай дарын мен талант иесін түлеткені белгілі. Солардың бірі әрі бірегейі – ұстаз, ақын, сазгер, «Көңіл көкжиегі» «Шырайлы шаһар – Жезқазған», «Өлеңім өмірім» атты кітаптарының және «Кең бесігім, сенде сырым, елім менің» атты компакт-дискісінің авторы Несіпкүл Бекенқызы. Бүгінгі кеш иесінің алға қойған мақсаты – жас ұрпақты ана тілінің мәртебесін көтеруге тәрбиелеу, шешендік өнерге баулу. Сонымен қатар, ол жастарды қазақ халқының ұлы тұлғалары Абай, Мағжан, Сәкен, Махамбеттің жалынды өлеңдерімен сусындатып жүр, – деген Салтанат Сүлейменқызы ақ тілегін ақтарды.

Несіпкүл Бекенқызы 1959 жылдың 12 сәуірінде Жезқазған қаласында дүниеге келіп, Теректі ауылында он жылдық мектепті тәмамдаған. Ақынның өлеңдері мектеп қабырғасында жүргенде-ақ «Балдырған» журналында жарық көре бастады. Несіпкүл Бекенқызы Жезқазған қаласындағы өнерлі оқушылар байқауының жүргізуші – дикторы, әрі хор бастауышы, 10-сыныпта оқып жүргенде ауыл жастарынан құрылған «Жас терек» ансамблінің әншісі болды. Жастайынан өлең өлкесіне жаны жақын, өнерге құштар жан өмірде де осы бағытты таңдады. 1981 жылы жоғары оқу орнын тәмамдаған соң ұстаздық жолын бастап кетті. Жиырма жылдан кейін Астана қаласындағы Махамбет Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайында қазақ тілінің мәртебесін көтеру мақсатында «Мәнерлеп оқу» үйірмесінде дәріс берді.

Несіпкүл апайдың ақындығымен қатар күй шығару өнері де барын айта кеткен жөн. Сазгер, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі Марат Түсіпбеков: «Ән шығару – өз алдына, ал күй шығару деген ол екінің бірінің қолынан келмейді. Бұл деген үлкен өнер, кешегі Қорқыт баба, Құрманғазы ізін, өнерін, күйін жалғастырған Нестай қарындасыма үлкен табыс тілеймін», – деп батасын берген екен. Бүгінде Несіпкүл Бекенқызы «Жезқазғанға 50 жыл», «Шашубай», «Тәуелсіз Қазақстан», «Дүйсек би баба», «Әке арманы», «Нестай толғауы», «Беу, дүние жалған-ай» күйлерінің авторы атанды.



Несіпкүл апайдың өнер жолы мен адамдық асыл қасиеттері сөз болған «Туған жерім Теректім» атты шығармашылық кеште ауыл имамы Бірәлі Мизамбай да өз құттықтауын жолдады. Ал, ауылдың өнерпаздары әннен шашу шашып, жырдан маржан терді. Өзіне көрсетілген құрмет пен қошеметке риза болысқан Несіпкүл Бекенқызы сиясы кеуіп үлгермеген өлеңдерін оқып, ауылдастарының ыстық ықыласына бөленді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# «ЖАСӨСПІРІМ және ЗАҢ»

### *тақырыбында құқықтық сабақ өткізілді*



**Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің балалар мен жасөспірімдер кітапханасы Жезқазған қаласының кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығымен бірлесе «Жасөспірім және заң» атты құқықтық сабақ ұйымдастырды. Іс-шараға орталықтың қызметкерлері және тәрбиенушілері қатысты.**

Кездесу барысында кітапханашылар балаларға құқықтың сабақтың мән-маңызын айтып, мақсат-міндеттеріне тоқталды. Іс-шарада қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі – жасөспірімдердің арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың көбеюі жайлы айтылды. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін кітапханашылар жасөспірімдердің бойына дұрыс тәрбие мен құқықтық білім қалыптастыру мақсатында кітапхана қорындағы заң тұрғысындағы әдебиеттермен таныстырды.

Кітапханашы Д.Сексенбаева заң туралы жалпы түсінік беріп, Қазақстан Республикасының Конституциясын назарға ала отырып, тәрбиенушілерді басты заңдармен, баптармен таныстырса, кітапханашы Л.Рунас бірнеше ситуациялық жағдайларды шешудің жолын нұсқады.

Шара соңында «Кітаптар заң орбитасында» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалып, «Заңды аттама!» тақырыбында қатысушылар өз ойларын ортаға салды. Құқықтық сабақ танымды және қызықты өтті.

**Динара СЕКСЕНБАЕВА,**
**Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы**

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# КӘСІПКЕРЛЕР ПӘТЕР СЫЙЛАДЫ

**Жезқазғандық кәсіпкерлер көп балалы анаға үш бөлмелі пәтер сыйлады.**



«Самға» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Абай Байділдаев пен жеке кәсіпкер Марғұлан Молдашев Жезқазған қаласының тұрғыны, көп балалы ана, «Батыр ана» атағының иегері Жаңыл Бидәулетоваға М.Жәлел көшесіндегі көпқабатты үйлердің бірінен 3 бөлмелі пәтерді сыйға тартты. Көп балалы анаға пәтер кілтін қала әкімі Қайрат Бегімов салтанатты жағдайда табыс етті. Рамазан айында қайырымдылық танытқан кәсіпкерлерге Жаңыл Қалиқызы алғысын жаудырды.

– Әуелі Аллаға ризашылығым шексіз. Елімізде бейбітшілік салтанат құрып, осындай жағдайға жетіп отырмыз. Елбасының әлеуметтік қамқорлық бағытындағы бастамасын қолдаған кәсіпкерлерге алғысымды білдіремін. Осындай игі дәстүр қаламызда жалғасын таба берсін, – деді өз сөзінде Жаңыл Бидәулетова.

**Ізтөлеу ТҮСІПОВ**

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕ

# ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТЕРДІҢ ЖАЙЫ СӨЗ БОЛДЫ

**Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында қаладағы жасыл желектерді күтіп ұстау мен суару желілерінің жай-күйі қаралды.**



Кеңес жұмысына қала әкімі Қайрат Бегімов пен мәслихат хатшысы Советбек Медебаев қатысты.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша қала әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаев баяндама жасады. Әкім орынбасарының айтуынша, қаладағы жасыл-желек отырғызылған аумақ 54 гектарды құрайды. 7 сквер, 2 алаң мен 3 саябақта, 1 аллея мен 14 ескерткіш айналасы жыл сайын абаттандырылып, күтім жасалады. Соңғы бес жылда бюджет қаражатына 15 мыңнан астам ағаш отырғызылған. Қалада биыл суару маусымы 17 мамырда басталды.

– Жасыл желектерді суаруға Кеңгір су қоймасының суы пайдаланылады. Қазіргі таңда су қоймасынан су тартатын 3 насос істеп тұр. Биыл тағы біреуі іске қосылады. Жалпы суару желілерінің ұзындығы 143,6 шақырымды құрайды. Оның 91,46 шақырымы – коммуналдық меншікте. Қалғанына жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны жауапты, – деген Нұржан Серікұлы жасыл желектерді күтіп ұстау мақсатында 11 іс-шара жоспарланғанын, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына жауапты мекеме қызметкерлері күн сайын мердігер мекемелердің жұмысын бақылап отыратынын атап өтті.

Қазіргі уақытта қаладағы алаңдар мен скверлерді күтіп ұстауға жауапты ретінде «Era Company» ЖШС, «Наурыз» саябағына «Адал Еңбек KZ» ЖШС, тал бұтақтарын қалыпқа сай қырқуға «Даму Ниет-2016» мүгедектер қоғамы, дезинфекциялық жұмыстарға «Теолтон» ЖШС мен «Дезинфекция» ӨК, гүлзарларды күтіп ұстауға «Қазақ соқырлар қоғамы» ҚБ «Сарыағаш» ҚФ бекітілген.

– Биыл автокөлік жолдары басқармасы тағы 33,372 шақырым суару желісін жөндейді. Бұл жұмыстарға облыстық бюджеттен 160 млн теңге бөлініп отыр, – дейді Н. Орынбаев.

Қала әкімінің орынбасары әуежай маңындағы саяжайлардың 13 шақырым суару желісі мен су жиналатын қазаншұңқырды «ЖСЖК» АҚ-ға беру жөнінде жұмыс басталғанын, жақын күндері бұл мәселе де оң шешімін табатынын айтады. Осы ретте «Дачник», «Энергетик», «Бабушкин» саяжай бірлестіктерінің «ЖСЖК» АҚ алдында біршама қарызы жиналып қалғанын да айта кеткен жөн.

Аталған мәселе бойынша мәслихат хатшысы Советбек Медебаев, кеңес төрағасы Сағындық Қожамсейітов, кеңес мүшелері Төлеген Бүкіров, Валентин Куприянов, Нина Барбутько, Рахым Арыстанбаев қала басшылығына «Жастар» саябағы, «Наурыз» саябақтары, Ғарышкерлер бульвары, әуежай бағытындағы саяжайлар, қалаішілік суару желілері туралы сұрақ қойып, алда атқарылар жөндеу жұмыстарының сапасын қатаң қадағалауды сұрады.

Кеңес төрағасы Сағындық Қожамсейітов суару желілерін іске қосу, жалпы жасыл желектерді күтіп ұстау Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, Қарағанды облыстық мәслихатының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі №4419 шешімімен бекітілген «Қарағанды облысы қалалары мен елді-мекендерін абаттандыру, жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау ережелері» негізінде жүргізілуі керектігін ескертті.

Отырыс барысында сондай-ақ, «Жезқазған қаласының қоғамдық кеңесі туралы» Ереже мен кеңестің 2019 жылғы жұмыс жоспары бекітілді.

**Өз тілшіміз**

# САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

**«Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалында ҚР Президенттігіне «Nur Otan» партиясы атынан үміткер Қасым-Жомарт Тоқаевты қолдау штабының өкілдері сайлаушылармен кездесті.**




Бүгінде қазақстандықтардың басты назары 9 маусымға белгіленген президенттік сайлауға ауып отыр. Бұл сайлау қазақ елі үшін тарихи маңызы бар оқиға болмақ. Осы күні Елбасының салып кеткен сара жолын жалғайтын Мемлекет басшысы анықталады. Ал, оған дейін алты Президеттікке үміткердің бағдарламасы бойынша үгіт-насихат жұмыстары белсенді түрде жүргізіліп жатыр.

«Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова ашып, жүргізген жиынға штаб мүшелері, қала белсенділері, еңбек ардагерлері қатысты.

Алғаш болып «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі, облыстық мәслихат депутаты, Қ.Тоқаевтың кандидатурасын қолдау жөніндегі Қарағанды облыстық штабының мүшесі, Бекзат Алтынбеков сөз сөйлеп, Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» деп аталатын сайлауалды бағдарламасында елдің әлеуметтік дамуына баса мән берілгенін атап өтті.

«Жүрек» ЖШС бастауыш партия ұйымының жетекшісі Валентина Князева өз кезегінде медицина саласындағы жаңашылдықтарға тоқталды.

– Ұзын-сонар кезекті смартфондағы электронды қосымша алмастырды, дәрігерлер қағазбастылықтан арылып, барлығы электронды форматқа көшкен, адам жанының арашасы саналатын абзал жандар кәсібі біліктілігін арттыру үшін бір қаладан бір қалаға сандалып жүрмей, өз жұмыс орнында онлайн түрде өте алады. Бұның барлығы Елбасы бастамасымен жүзеге асып отыр. Ал Тұңғыш Президент жолын елдің жағдайын анық білетін білікті саясаткер ғана жалғай алады, – деген пікірде Валентина Николаевна.

Жастар – мемлекетіміздің маңызды капиталы. Елбасы қай кезде болмасын өскелең ұрпақтың жағдайын жасап, қамын ойлап,сапалы білім алуына негіз болды. «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Нұрболат Күлбай «Жастар жылы» аясында өткелі тұрған сайлау басқа сайлаулардан өзгеше екенін жеткізді. Бүгінде жастарға барлық жағдай жасалуда. Өткен жылы ғана қабылданған «7-20-25» бағдарламасының қызығын көріп үлгерген талай жас отбасылар бар. Жастар арасында жұмыссыздықты жою бүгінде күнтәртібінде тұрған басты мәселелердің бірі. Қасым-Жомарт Кемелұлы осы сарабдал саясатты одан әрі жалғастыра алатынына сенім білдірді Нұрболат Күлбай.

Мемлекеттік қызмет саласының ардагері Анастасия Иваненко да өз пікірін білдіріп, Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын қолдайтынын жеткізді.

Штаб жетекшісінің орынбасары Николай Распопов үміткердің сенімді өкілі ретінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұстанған саясаты нәтижесінде елдің экономикасы алға басып, мемлекетіміз әлемдік аренада өзін танытады деп сенімді айтты.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

ФОРУМ

# ТӘЖІРИБЕ ТАРАТУ – ҰТЫМДЫ ӘДІС

**Үш күнге созылған «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы басқармасының тәжірибесін тарату бойынша «Ұлы дала мұрагерлері» қалалық форум өз мәресіне жетті.**



Қаламыздағы Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі мен №8, 26 гимназиялар «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» тәжірибесін таратуда жетекші мектептер болып саналса, қалған мектептер магнитті түрде жұмыс істейді. Форумның екінші күні қала мектептерінің ұстаздары мен оқушылары №26 гимназияда жиылды. Қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинеттің әдіскері Әсел Жақанова сөз алып, қатысушыларға сәттілік тіледі. «TedX» пікірсайыс алаңында жоғарғы сынып оқушылары «Еліміздің болашағы – біздің қолымызда» атты ортақ тақырыпта сөз қозғады. Айтар ойы мен көздерінде жалын бар өскелең ұрпақ «Қазақ тілінің болашағы», «Ағылшын тілін оқу маңыздылығы», «Жезқазғанның экономикалық дамуы», «Ақыл-оймен өз ісіңді басқару» сынды тың тақырыптарда өз ойларын ортаға салды.

2013 жылдан бастап еліміздегі Назарбаев зияткерлік мектептерінде «100 кітап» жобасы бастау алған болатын. Оқушылар осы жоба арқылы мектеп бітіргенше қазақ тілінде 60, орыс тілінде 20, ағылшын тілінде 20 кітап оқиды. Сол оқыған кітаптарына талдау жасап отырады. Бүгінде бұл тәжірибе жалпы білім беретін мектептерге де таратылуда. Бұл жоба бойынша білім алушылар өздері оқыған әдебиеттер желісі бойынша театрландырылған көрініс қойды. Яғни, мұндағы басты мақсат – кітаптан алған тағылымды шығармашылықта қолдану білу. №26 гимназия оқушылары Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзада» әңгімесінің желісі бойынша көрініс қойды. Балалардың кәсіби әртістік қабілеті болмаса да, олар шығарманың терең ойын түсініп, автордың айтқысы келген өсиетін ұғынғаны көрініп тұрды. Әр әдеби шығарманың өз айтар ақылы, берер сабағы бар. Оны ұғына білген оқырманның ой өрісі кеңейіп, білімі молая бермек.

Туған жердің тарихын тануға, ұлттық мәдениетімізді дәріптеуге бағытталған дәстүрлі жобалар бірі – «100 күйдің тарихы». Қазақ күйлері – бізге ата-бабаларымыз жеткізген асыл мұра, әсем әуендердің шексіз мұхиты. Қасиетті қара домбыраның үнін естіп өскен әр жас өреннің отансүйгіштік қасиеті арта береді.

№7 мектеп-лицейде «Шеберлер қаласы» атты қолөнер туындыларының жәрмеңкесі өтті. «Steam білім беру» алаңында робототехника көрмесі ұйымдастырылды. Мұнда болашақ инженердер өздерінің 3Д технология саласында жеткен жетістіктерін көпшілікке таныстырды. Одан бөлек туған жердің тарихын насихаттайтын «Туған елге тағзым», болашақ мамандықты таңдауға септесетін «Ата-ана жұмысындағы 10 күн», «Жұмыс орнындағы 1 күн» әлеуметтік жобалары таныстырылды.

Танымдық шара «Ұлы дала мұрагерлері» атты концертпен қорытындыланды. Үш күн бойы өнер көрсетіп, білім көкжиектерін танытқан оқушылардың еңбегі осы кеште бағаланып, сараланды. Көрермендер назарына әдеби шығармалардың желісі бойынша сахналанған қойылымдар көрсетілді. Сонымен қатар, хор ұжымдары ән шырқап, домбырашылар ансамблі күй шертті.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

*Суреттерді түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

**Тәуелсіз еліміздің экономикасының дамуына кедергі келтіретін, қоғам дертіне айналған мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлық.Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатып отыр.**

Сыбайлас жемқорлық – ұлтымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің халықаралық беделіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Сондықтан да онымен күресті тек заң қызметкерлері ғана жүзеге асырады деп бойымызды аулақ салмай, бірлесе күресу – баршамыз үшін маңызды іс.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлықпен күрес барлық мемлекеттік органдар алдындағы басты міндеттің бірі болып отыр. Қылмыстың бұл түрінің қоғамымыздың барлық саласына тамыр жайып кеткені жасырын емес. Сондықтан да қоғам бойындағы бұл кесапат кеселмен күреске мемлекетіміз айрықша мән беріп отыр.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары сияқты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мемлекетіміздің басқару жүйесіндегі сәйкесті буындарды тұншықтырып, олардың қалыпты, заңды қызмет жасауына кедергі келтіреді. Ал, іс жүзінде бірқалыпты дұрыс қызмет атқаратын мемлекеттік органдардың қызметі ғана қоғамның экономикалық дамуына, оның мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қабілетті. Осыған орай мемлекеттік басқару жүйесін қорғау, оған қылмыстық қол сұғуды болдырмау ең маңызды мәселе болып табылады. Өйткені мемлекеттік аппарат қоғамды басқару жүйесінің қажеттілігі, басқару жүйесіндегі әр түрлі процестердің реттеушісі болып табылады. Жалпы сыбайлас жемқорлықпен күресу жеке адамдардың немесе жекелеген топтың ғана емес мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы. Осыны шынайы орындау үшін әрбір лауазым иесі өзінің жан-дүниесін ұдайы таза, адал ұстауы тиіс. Сонда ғана олар қарапайым халықтың сенімін ақтап, қоғамның тежеусіз дамуына үлес қосқан болар еді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы, осы кеселге қатаң бағытталған мемлекеттік бағдарлама жоғары деңгейдегі жауаптылықпен іске асырылуы тиіс.

Осыған байланысты Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленген. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықты болдырмау үнемі назарда ұсталып келеді. Аталған бағытта атқарылып жатқан шаралардың басты мақсаты – мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам институттары қызметін үйлестірудің тиімділігін арттыру жолымен қоғам өмірінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету.

**Бейбіт ШАКЕНОВ,**
**Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының басшысы**

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

# КӨПБЕЙІНДІ АУРУХАНА — ЖАҢА КЕЗЕҢДЕ

*(Соңы. Басы 1-бетте.)*

Эндоскопиялық орталықта қазіргі заманның ең жетілдірілген жабдықтарымен тексеріп, нақты диагнозын анықтау мүмкіндігі бар. Ауруханада барлық сырқаттарды емдеп, тиісті медициналық көмек көрсетуге қолайлы 23 бөлімше жұмыс істеуде. Олардың кейбірін атап айтсақ, травмотология бөлімшесінде жедел араласу шараларын жүргізіп, көп жарақатты қалпына келтіру мүмкіндігі бар. Ал, нейрохирургия бөлімшесінде бас, омыртқа, жұлын жарақаттарын, инсульт ауруларын емдеу жүргізіледі. Кейінгі жылдары ашылған инсульт бөлімшесінде интенсивті терапиялық емдеу қарастырылған. Ауыр халдегі сырқаттар жан сақтау бөлімшесінде емделеді. Мұнда балаларға арналған блок бөлек орналасқан. Біздің өңірімізге келген сапарында Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың тарапынан айтылған сын ескертуіне байланысты өз қаражатымыздың есебінен ауруларды қабылдау бөліміне жөндеу жүргізумен қатар 3Н-жүйесін жасап жатырмыз. Қыркүйек айында құрылысы аяқталуға тиіс. Өскелең медициналық стандартқа сай үш жүйелі мұндай орын Астана мен Алматыда ғана бар. Бұл жерде шұғыл жағдайда жеткізілген ауруларға жан-жақты жағдай жасалады. Алғашқы диагностикамен қатар, емдеу жүргізілетін интенсивті блок, бақылау палатасы сияқты қолайлы қызмет көрсету орындары болады. Сырқаттың туысқандарының күту залына дейін ескерілген. Біздің міндетіміз жақын арада барлық жаңарту жұмыстарын осы 3Н-жүйесі талаптарына сай ету болып табылады, — дейді Жезқазған көпбейінді ауруханасының директоры Есентай Мұсағұлов.

Жалпы ауруханада бүгінгі таңда 701 қызметкер еңбек етеді. Оның ішінде 93 дәрігер, 324 орта буынды медицина қызметкерлері бар. Дәрігерлердің 54% жоғары санатты және 1-ші дәрежелі мамандар. Бұл осыдан 16 жыл бұрынғы қолымда бар деректермен салыстырғанда елеулі мөлшерде жоғары екенін байқадым. Өйткені, заман талабымен қатар бүгінгі өскелең өзгерістерге байланысты бөлімшелер саны да көбейіп отыр емес пе? Ауруханада соңғы жылдары ерекше сырқаттарға арналған 12 төсектік медбибі күтіміндегі бөлімше ашылыпты. Бұл бөлімнің ерекшелігі медбибілер күтім жасайтын сырқаттар әбден жақсарғанша екі-үш айлап жатады. Кейінгі бір елеулі жаңалық, обыр ауруларына көмек пен ем шарасын күшейту мақсатында бұрынғы онкологиялық бөлімшені облыстық онкодиспансер өз қарамағына алып, осы аурухананың базасындағы филиалы ретінде құруда. Осыған орай қосымша амбулаториялық, химия-терапиялық кабинеттері ашылады. Сондай-ақ, ауруханада көз клиникасының жұмыс істеуі де сырқаттарды жаппай облысқа сабылудан арылтып, қолайлы ахуал туғызған.

Аурухана директорының орынбасары Ғабиден Аханов емдеу орнындағы жаңа бөлімшелер мен орталықтарды аралатып көрсетті. Медициналық мекеменің жабдықталуындағы жетістіктеріне көңіл толарлық. Өткен жылы ашылған клиникалық-диагностикалық орталықта ересектер мен балаларға 25 маман қабылдау жүргізеді. Орталық заманауи құрал-жабдықтармен жарақтандырылған. Жоғары тәуекелдік кабинеті аса қауіпті жағдайдағы аяғы ауыр әйелдерді бақылауға алып, емдеуге арналған. Мемлекеттік және жекеменшіктік әріптестіктің арқасында жабдықталып, ашылған гемодиализ орталығы да жаңа жетістіктердің бірі. Мұнда бүйрек жеткіліксіздігіне ұшыраған сырқаттардың қан құрамын зиянды заттардан арылтып, тазарту жүзеге асырылады. Қазір тұрақты келіп ем алып тұратын осы диагнозбен ауыратын аймақ бойынша 60 адам бар екен. Әр төсекте жабдықталған компьютерлік аппараттар арқылы медицина мамандары сырқаттардың ахуалы мен ем шарасын жіті қадағалап отырады. Инсульт бөлімшесінің ашылуы да сырқаттардың алысқа бармай, жергілікті жерде дер кезінде медициналық көмек алуларына оң ықпалын тигізіп отыр. Бөлімше сал болып қалған сырқаттардың аяқ-қолдарын қимылға келтіретін арнайы медициналық құралдармен және төсек-жабдықтарымен жабдықталған. Ерте сауықтыру палаталары бар, дене қимылын қалыптастыратын арнайы шаралар жүргізіледі.

Көпбейінді аурухана тек Жезқазған ғана емес, аймақтағы Сәтбаев, Қаражал қалалары мен Жәйрем кенті, Ұлытау ауданының тұрғындарына да қызмет көрсетеді. Заман талабына сай жаңғырып, жақсарып келеді. Әрине, еш проблема жоқ десек артық болар. Әлі де жетілдіре түсуді қажет ететін тұстары баршылық. Басты проблема — дәрігерлер жетіспейді. Педиатр, уролог, реаниматолог дәрігер, акушер-гинеколог сияқты 8 маман дәрігер керек. Аурухана басшылығы қалалық әкімдікпен бірлесіп келген мамандарды баспанамен қамтамасыз етудің жолдарын белгілеп отырған көрінеді. Жалпы, бүгінде мемлекет тарапынан денсаулық сақтау саласына айрықша көңіл бөлініп отырғаны белгілі. Осыған орай, Жезқазған қаласының байырғы емдеу орны, қазіргі көпбейінді аурухана ұжымы да өз жұмыстарын одан әрі жетілдіре бермекші.

**Амандық РАХҰЛЫ**

ЖАҢА КІТАП

# ЖИНАҚ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

**Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, қаламыздың Құрметті азаматы Береке Көшеновтің «Ән-ғұмыр» атты жинағы жарыққа шықты.**




«Ұлытау кітапханасы» сериясымен Нұр-Сұлтан қаласындағы «Кәусар» баспасынан жарық көрген жинаққа әншінің әр жылдары жазған өлең-толғаулары мен әндері, мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалары мен сыр-сұхбаттары топтастырылған. Сондай-ақ, әншінің өмір жолынан сыр шертетін, азаматтық ұстанымын аңғартатын басқа да мақалалар енген.

**Өз тілшіміз**

**«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дегендей, ұлтын, елін, жерін сүюге тәрбиелеудің қайнар көзі – отбасы. Ерін сыйлау қағидатын ұстанған аналарымыз дәстүр сабақтастығын үзбей, ер-азаматтың орны қашан да жоғарыда екенін түсіндіріп, тамақтың алды әкеге құйылатынын, сөзді де отағасы бастау керектігін, т.б. осындай сырт көзге елеусіз көрінгенмен, әке беделін арттыра түсетін әрекеттерді санамызға ғана емес, сүйегімізге де сіңіріп өсірді.**

# ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Адамның тұлға болып қалыптасатын кезі – балалық шақ. «Жаста берген тәрбие жас қайыңды игендей» болады. Ұлттық рухы, ұлттық танымы балалық шағында қалыптаспаған жастың тұлға болып жетілуінің несі жаман. Сондықтан адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, құрмет секілді ізгі қасиеттердің қалпына келуіне күш салу керек. Ол үшін әйел-ананың отбасына көп көңіл бөлуіне жағдай жасау қажет. Бірақ, қазіргі жаһандану заманында әйел адамдардың бірнеше жұмыстың тізгінін ұстап жүргендіктен, бала тәрбиесіне көңіл бөлінбейтіндігі анық. Балалар көп жағдайда балабақша мен бала тәрбиешісінің қарамағында. Осы орайда айта кететін жай ол ерлерге қарағанда әйел-ананың жұмыс уақытын қысқарту шаралары қарастырылса, одан ұтарымыз көп болар еді. Өйткені мейірім мен махаббаттың шырақшысы ана болып табылады.

Қазіргі қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардың құнсыздануы, кейбіреулердің ата-ана алдындағы парызға, перзент алдындағы борышқа, отбасы алдындағы міндетке салғырт қарауы. Бір-біріне деген мейірім-шапағатының кемуі, түрлі қылмыстар мен қатыгездіктердің орын алуы, рухани жұтаңдық – бәрі қосылып дәстүрлі отбасылық құндылықтарға қауіп төндіріп отырғанын жасыруға болмайды.

Қазіргі уақытта руханидан гөрі, материалдық құндылықтар алдыңғы орынға шығып бара жатқандығы бәріне мәлім. Бүгінгі инновациялар мен технологиялардың даму заманында, соның ішінде ғаламтордың кері әсері, адамның ой-санасына түрлі әсер ету арқылы дүниеауи тірліктің қамын басты орынға қойдырды. Осының салдарынан адам баласы негізгі құндылықтардың бірі – бала тәрбиесінен, оларға көңіл бөлуден алыстап бара жатқандай.

Асты-үстіміз толған байлық, ұшан-теңіз кең далада қазақтың саны мен сапасын көтеруден маңызды мәселе болмаса керек, себебі жасап жатқан игіліктердің барлығы ұрпақ үшін. Ел мен жерге ие болатын ар-намысты, иманды ұрпақты көбейтіп, өсіре алмасақ, ұлттығымызға, елдігімізге деген қастандық емес пе?! Сондықтан ұлан-ғайыр кең даланың келешек ұлтжанды иелерін тәрбиелеу ісіне, осы бір кезек күттірмейтін өзекті мәселеге отбасы, қоғам, бүкіл ел болып жұмылмасақ, ертең кеш болуы әбден мүмкін.

Ұлт үшін отбасының маңызы өте зор. Өйткені, ұлттың кемелденуі отбасыдан басталады. Отбасы – ұлтты ұлт ететін, ұлттық және рухани дәстүрлерді үйрететін мектеп. Аллаһ, Отан және ұлт алдындағы борыштарымыз алдымен осы жерде үйретіледі. Кішкентайлар отбасы да үлкендердің іс-әрекеттерін қайталайды, осылайша үнемі көріп жүрген әрекеттер рухында жақсылап орнығады да, әдетке айналады. Осылайша, баланың адамгершілік табиғаты мен тұлғасы қалыптасады. Демек, отбасы – ұлт өкілін жөргегінен жасытпай, ұлттық құндылықтардан шет қалдырмай, этикалық әдеп, әдет, мінез-құлықтардың ұлтқа тән бірегей тәсілі мен таусылмас қайнар бұлағы діни-рухани тамырларына жалғасқан қасиетті, киелі мекен.

Қазіргі таңда отбасында ұлттық құндылық мәселелері айтылмағандықтан өскелең ұрпақ ғаламтор арқылы тәрбие алып жатқандықтан, ұлттық дүниетанымымызға көптеген сызаттар түсуде. Өкіністісі, кейбір құндылықтар дінімізден, ұлттық тәрбиемізден, дәстүрімізден жоғары болып тұр. Ақпараттық технологиялар дамып тұрған кезде, ғаламтор арқылы дінімізге пайдадан гөрі зиян жағы көп тиетін сияқты. Қазіргі таңда біздің қоғамда әлеуметтік топтардың ішінде ең әлсіз буын, ол – жастар. Олар – сенгіш, еліктегіш. Сондықтан болар, дін атын жамылған немесе дәстүрлі емес ағымдардың жетегінде кетіп жатады.

Ал, жат ағымдардың басты міндеті – дәстүрлі құндылықтарымызды ыдыратып, діни сананы өзгерту. Өйткені кез келген жат ағым қоғамда қалыптасқан құндылықтарды күйрету арқылы өзін орнықтыруға жол ашады. Ал, бұл өз кезегінде дәстүрлі құндылықтармен бірге ішкі тұрақтылықтың әлсіреуіне алып келеді.

Жат идеологияларға біз өзіміздің дәстүрлі құндылықтарымыз арқылы төтеп бере аламыз. Ал өз кезінде дәстүрлі құндылық дегеніміз – зайырлы қоғамдағы әлеуметтік-саяси қатынастарды реттеуші және ішкі саяси үрдістерді тұрақтандырушы факторлардың бірі болып табылады. Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында – «жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғандығын ұмытпауымыз керек. Оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз» деп атап өткен.

Сол себептен балалар мен жасөспірімдерге – біреудің ала жібін аттамауға, өтірік айтпауға, кеміске күлмеуге және ең бастысы білімге деген құштарлығын ояту, Отанды сүю, патриотизм рухын ояту, болашақ мамандығын таңдауға бағыт беріп, сол жолға түсуге көмектесу, тәуелсіз және бейбіт елдің маңыздылығын түсіндіру. Сонымен қатар ұлттық құндылықтар мен мәдениетті, дәстүрлі дінін және рухани-өнегелік құндылықтар негізін, салт-дәстүрді түсіндіріп, іс жүзінде көрсетіп, жастайынан бойына сіндіру.

Байлықтың ең үлкені – иманды, парасатты ұрпақ. Дәстүрге адал, парыз бен қарыздың салмағын білетін, құндылықтар сабақтастығын жалғайтын бала тәрбиелеу әр ата-ананың парызы деп білемін.

**М. ҚҰДАЙБЕРГЕН,**
**Мәдениет және діндер халықаралық орталығы ақпараттық жұмыс бөлімінің жетекші сарапшысы**

# КЕТБҰҚА БАБА ІЗІМЕН




Өткен мыңжылдықтың тұлғасы деп бүкіл дүние жүзі халықтары таныған Шыңғыс ханның ең жақын сенімділерінің бірі болған Кетбұқа ноян мен жезқазғандықтардың арасында рухани байланыс бар сияқты. Бұған себеп Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы Арқа өңіріне хандық құрғанда соның ақылшысы әрі қолбасшысы болған Кетбұқаның осы Ұлытау өңірінде болғандығы тарихтан белгілі. Жошы ханның кесенесінің Ұлытау маңындағы Қаракеңгір өзенінің бойында тұрғандығы – осы айтқанымызға күмәнсіз дәлел. Кейін Жошының баласы Құлағу мұсылмандар еліне жорыққа аттанғанда, оның әскерін басқарған Кетбұқа бабамыздың төл жасақтары – Бағаналы сарбаздары Жезқазғанның жезімен қаруланып ерекшеленген деп болжауымызға негіз бар. Осы ойымызды өрістете берсек, бұдан 1757 жыл бұрын (1260 жыл) бабамыз мерт болған жерден әкелінген (қызылордалық бауырларымыз әкелген) топырағының Жезқазған қаласының қақ ортасында тұрғызылған Кетбұқа ескерткішінің астына қойылуы рухани жалғастықты дәлелдеп тұрған жоқ па? Қалай болса да бүгінгі күндері 65 жылдығын ғана тойлағалы жатқан Жезқазған қаласымен VII ғасыр бұрын өмірден өткен даңқты бабамыздың арасын байланыстыратын бір күштің барлығына сенбеске болмайды. Ол менімше, жезқазғандықтарға жебеуші болып отырған бабамыздың рухы.

Сол рухтың қолдауы болмаса осы өңірдің халқы ғасырлық ата кәсібін өзгертіп, өркендеген өндіріс құрушылары болар ма еді, жүздеген ғана адамның мекені болған осы жерге жүз мың халық орналасқан қала салынар ма еді? Басында Бекболат руының ежелгі қонысы болған Кеңгір өзенінің осы жеріне көптеп ел қоныстана бастағанына 90 жылдай болса, оның 65 жылы Жезқазған қаласының үлесіне тиеді. Осы жылдар шебінде 1954 жыл, 1973, 1997, 2013 жылдардың қала тарихында ерекше орын алатынын байқаймыз.

1954 жыл – Жезқазғанға қала атын әкелген жыл, қаламыздың қанатын жайып, өсу-өркендеу жылына бастама берген жыл. Осы өрлеу жолы қаламызды 1973 жылы жаңа құрылған Жезқазған облысының орталығының мәртебесіне жеткізді.

1973 жыл – Жезқазған облысының құрылған жылы, қаламыздың жақсы қарқынмен үстемелей өркендеуінің бастама жылы.

1997 жыл – қаламыздың облыс орталығы мәртебесінен айырлып, еңсесі түсіп, тоқырау кезеңін бастаған жылы. Бұл кезеңнің кері ықпалы ел азаматтарының ынта жігерін басып, болашаққа сенімсіздігін тудырды.

2013 жыл қала азаматтарының даңқты Кетбұқа бабамыздың есімін рухани жаңғырту мақсатында іс әрекеттерін бастауымен халқымыз ұзақ ұйқысынан оянғандай болды.

Бабамыздың аруағы ел азаматтарына рух беріп, жігеріне қан жүгірткендей үлкен дүмпу жасағаны байқалуда. Жігерленген азаматтар жүктелген міндетті, дәлдеп айтсақ даңқты бабамыздың еңселі бейнелі ескерткішін тұрғызу міндетін абыроймен аяқтады. Бұл серпілістің екпіні жалғасты болатынына сенеміз.

2017 жылдан қаламыздың ең көрікті жеріне орналасқан ескерткішінің маңайын абаттандыру жұмысы «Қазақмыс» корпорациясы басшыларының қолдауымен іске асырылуда. Осы жұмыстың нәтижесінде ескерткіш маңайы тарихи мағаналы кешенді орынға айналмақшы.

2013 жылы басталған Кетбұқа бабамыз туралы мәліметтер, айғақтар іздестіру мәселесі жалғасын табуда. «Saryarqa» газетінің осы жылғы 26 сәуірдегі 15-нөмірінде жарияланған Қабдол Әуезовтың «Мысырды билеген Зейнуддин Кетбұқа» атты мақаласы соның дәлелі. Тарих магистрі Қабдол мырза бұл мақаласында Кетбұқа бабамыз Палестина жерінде қаза болғанда қасында болған 15 жасар Зейнуддиннің Сұлтан Бейбарыстың қамқорлығында болып, 1294-1296 жылдар арасында Мысыр сұлтаны болғанын жазады. Жәдігер ретінде оның мыстан жасалған фельсі табылған. Бұл – сөзсіз өте бағалы жәдігер. Тарихшы Қабдол інімiздің осы үлкен еңбегін бағалай отырып, онын тілегін қолдаймын. Қазіргі абаттандырылып жатқан Кетбұқа бабамыздың кешеніне Кетбұқа бабамыздың ұрпағының осы табылған фельсі Жезқазған мысынан құйылып, жаңартылып әкесінің жанына қойылса нұр үстіне нұр болар еді. Осы тілегіміз аяқсыз қалмайды деп үміттенемін. Жезқазғанның 90 жыл бойы үзіліссіз ағылып жатқан мысының бір тамшысы Зейнуддин Кетбұқаның рухына құрмет нышанына бұйыруы осы істің басы қасында жүрген азаматтардың мойынында деп санаймын. Халқымыздың «нар жолында жүк қалмайды» деген сөзінің жай айтылмағандығына мәселені шешу жолында көз жеткізгім келеді.

**Сұлтан СҮТБАЙҰЛЫ,**
**Қазақстан Республикасының Құрметті геологы**

## МАМАН КЕҢЕСІ

# БАЛАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЕРТЕГІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

**Ертегі баланың ерте шағынан еріп жүреді. Ерте уақыттарда құрылған ертегілер бүгінгі күнге дейін сақталып, ел аузында айтылып жүр.**



Қазіргі кезде мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеуін дамыту мәселесі өзекті болып отыр. Баланың дұрыс сөйлеуін дамыту, ойлау және сөйлеу қарым-қатынасын дамытуға оның толық сөйлеу және жалпы психикалық дамуы, тіл және сөйлеу үшін маңызды шарты. Тіл және сөйлеу – бұл есте сақтаудың, қабылдаудың, ойлаудың, сондай-ақ, басқа салалардың дамуының ең маңызды ақыл-ой процестерін көрсетудің негізгі құралы. Жас баланың ойлау, есту, сөйлеу, көру, есте сақтау қабілеттерін дамытуда халық ауыз әдебиетінің үлгілерінің алатын орын ерекше. Солардың ішінде көп тараған үлгілерінің бірі – ертегілер.

Логопед сабағында сюжетті ертегілер түзете дамыту жұмыстарын жүргізуге өте тиімді. Мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы сөйлеу тілі мен өз ортасында қарым-қатынасқа түсуі, бейімделуі күрделі процесс. Баланың өз ойын мүдірмей, жаңылмай айта білуі біз үшін қуаныш. Ертегі терапиясы арқылы балалардың қол моторикасы және жалпы сөйлеу тілі дамиды.

Қазақ халқының аса көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсариннің мына бір қанатты сөзі тура айтылғандай: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады». Осыған сәйкес мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиенің басты мақсаты – баланың өз тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды тудыру, баланың даралығын ашу, сөйлеу тілін дамыту және түзетуге көмек беру. Әрбір бала қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын даралық ретінде қалыптасуы тиіс. Мектеп жасына дейінгі әрбір баланың даралығын ашу үшін ертегі терапиясын қолдана отырып, оның креативті ойлауын дамытудың маңызы зор.

Бүгінгі таңда ертегі терапиясы бұл жаңа, әрі өте жас және психологиядағы дербес бағыт. Баланың жақсылық пен жамандықты айыруына, мінез-құлықтық стереотиптерді тануына көмектесіп, адамдардың өмірде алдынан шығатын сан түрлі қиыншылықты ең соңында жеңе аларына деген сенімін нығайтады.

Олай болса ертегі терапиясы арқылы баланың креативті ойлауын дамыту жұмыстары жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуын қарастырып, адамгершілік құндылықтарын жетілдіруге бағытталады деп тұжырымдауға болады. Халық ертегілерінің бұл ерекшелігі балаға оны жақсы есте сақтауға мүмкіндік береді, сөзге деген қызығушылық тудырады. Ертегілер кіші мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеуін дамытудың тиімді құралы болып табылады.

**Жұлдыз АБДАНБЕКОВА,**
**№12 «Салтанат» бөбекжайы КМҚК логопед маманы**

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*2019 жылғы 3 мамыр* *№ 34/304* *Жезқазған қаласы*

### ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 24 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ XXX СЕССИЯСЫНЫҢ №30/274 «2019-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР мен ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

*Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2019 жылғы 6 мамырда нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізіліміне №5320 болып енгізілді*

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы XXX сессиясының №30/274 «2019-2021 жылдарға арналған Жезқазған қаласының бюджеті туралы» (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5090 тіркелген, 2019 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Нормативтік-құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде, 2019 жылғы 11 қаңтардағы №01 (8115), 2019 жылғы 18 қаңтардағы №02 (8116) «Сарыарқа» газетінде, 2019 жылғы 11 қаңтардағы №1 (257), 2019 жылғы 18 қаңтардағы №2 (258) «Жезказганский вестник» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. 2019-2021 жылдарға арналған қалалық бюджет 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 14008751 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 7824255 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 39077 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 43509 мың теңге;
трансферттердің түсімдері – 6101910 мың теңге;
2) шығындар – 15132614 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 2714188 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 2765981 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 51793 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге,
оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 3838051 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 3838051 мың теңге, оның ішінде:
қарыздар түсімі – 2765981 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 51794 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1123864 мың теңге.»;

келесі мазмұндағы 3-1 тармағымен толықтырылсын:

«3-1. 2019 жылға арналған қалалық бюджеттің шығыстары құрамында 8 қосымшаға сәйкес Кеңгір ауылдық округінің бюджетіне ағымдағы нысаналы трансферттер қарастырылғаны ескерілсін.»;

осы шешімге 3 қосымшаға сәйкес 8 қосымшамен толықтырылсын;

аталған шешімнің 1, 5 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

**Сессия төрағасы С.ФИЛИПОВИЧ**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы С.МЕДЕБАЕВ**

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 3 мамырдағы XXXIV сессиясының №34/304 шешіміне 1 қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы XXX сессиясының №30/274 шешіміне 1 қосымша*

### 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ

| Санаты | Сыныбы | Ішкі сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | **I. Кірістер** | 14008751 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 7824255 |
| | 01 | | Табыс салығы | 3680623 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 3680623 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 2875612 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 2875612 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 930998 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 632511 |
| | | 3 | Жер салығы | 28088 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 269445 |
| | | 5 | Бірыңғай жер салығы | 954 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 301064 |
| | | 2 | Акциздер | 9367 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 205070 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 73814 |
| | | 5 | Ойын бизнесіне салық | 12813 |
| | 08 | | Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 35958 |
| | | 1 | Мемлекеттік баж | 35958 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 39077 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 20547 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 20547 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 18530 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 18530 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 43509 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 2500 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 2500 |
| | 03 | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 41009 |
| | | 1 | Жерді сату | 25900 |
| | | 2 | Материалдық емес активтерді сату | 15109 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 6101910 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 6101910 |
| | | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер | 6101910 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | **II.Шығындар** | **15132614** |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 554277 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 356808 |
| | | 112 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты | 35746 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 29501 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 6245 |
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 272217 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 271032 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1185 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 48845 |
| | | | 001 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 48212 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 633 |
| | 2 | | | Қаржылық қызмет | 4300 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 4300 |
| | | | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 4300 |
| | 9 | | | Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер | 193169 |
| | | 454 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі | 34161 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 33808 |
| | | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 353 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 79445 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 65462 |
| | | | 013 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 10100 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 3883 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 79563 |
| | | | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 70463 |
| | | | 015 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 9100 |
| 02 | | | | Қорғаныс | 28349 |
| | 1 | | | Әскери мұқтаждар | 23249 |
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 23249 |
| | | | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 23249 |
| | 2 | | | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | 5100 |

►► 5-бетте

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*(Жалғасы. Басы 4-бетте.)*

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 5100 |
| | | | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 4211 |
| | | | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді-мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар | 889 |
| 03 | | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 65227 |
| | 9 | | | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер | 65227 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 65227 |
| | | | 021 | Елді-мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 65227 |
| 04 | | | | Білім беру | 7399088 |
| | 1 | | | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 999308 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 999308 |
| | | | 040 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға | 999308 |
| | 2 | | | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру | 5006896 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 3749108 |
| | | | 003 | Жалпы білім беру | 3548952 |
| | | | 006 | Балаларға қосымша білім беру | 200156 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 1257788 |
| | | | 024 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 1257788 |
| | 9 | | | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер | 1392884 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 1392884 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 42341 |
| | | | 005 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 199013 |
| | | | 015 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі | 40602 |
| | | | 022 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер | 947 |
| | | | 029 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 18413 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 1091568 |
| 06 | | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 1101504 |
| | 1 | | | Әлеуметтік қамсыздандыру | 309350 |
| | | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 290691 |
| | | | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 290691 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 18659 |
| | | | 030 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу | 18659 |
| | 2 | | | Әлеуметтік көмек | 629993 |
| | | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 598649 |
| | | | 002 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 222289 |
| | | | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету | 3535 |
| | | | 006 | Тұрғын үйге көмек көрсету | 1800 |
| | | | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек | 89449 |
| | | | 010 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету | 1629 |
| | | | 013 | Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу | 46807 |
| | | | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету | 114157 |
| | | | 017 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 81455 |
| | | | 023 | Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету | 37528 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 31344 |
| | | | 008 | Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау | 31344 |
| | 9 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер | 162161 |
| | | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 162161 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 43119 |
| | | | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 644 |
| | | | 021 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 50427 |
| | | | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 64171 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 3800 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 3367872 |
| | 1 | | | Тұрғын үй шаруашылығы | 1396993 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 14684 |
| | | | 004 | Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету | 13900 |
| | | | 005 | Авариялық және ескі тұрғын үйлерді бұзу | 784 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 1358666 |
| | | | 003 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау | 152323 |
| | | | 004 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 1206343 |
| | | 479 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі | 23643 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 23643 |
| | 2 | | | Коммуналдық шаруашылық | 1154803 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 67644 |
| | | | 012 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі | 67644 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 1087159 |
| | | | 006 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту | 1063330 |
| | | | 007 | Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту | 23829 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 816076 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1126 |
| | | | 009 | Елді-мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 800 |
| | | | 011 | Елді-мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 326 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 814950 |
| | | | 015 | Елді-мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 111000 |
| | | | 016 | Елді-мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 30000 |
| | | | 017 | Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу | 3891 |
| | | | 018 | Елді-мекендерді абаттандыру және көгалдандыру | 670059 |
| 08 | | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 702981 |
| | 1 | | | Мәдениет саласындағы қызмет | 178641 |
| | | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 178641 |
| | | | 003 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 178641 |
| | 2 | | | Спорт | 138910 |
| | | 465 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі | 136020 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 17421 |
| | | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 8536 |
| | | | 005 | Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту | 78229 |
| | | | 006 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу | 11979 |
| | | | 007 | Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы | 19855 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 2890 |
| | | | 008 | Спорт объектілерін дамыту | 2890 |
| | 3 | | | Ақпараттық кеңістік | 222194 |
| | | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 114194 |
| | | | 006 | Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі | 102882 |
| | | | 007 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 11312 |
| | | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 108000 |
| | | | 002 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 108000 |
| | 9 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер | 163236 |
| | | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 72713 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 23719 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 48994 |
| | | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 90523 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 49352 |
| | | | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 41171 |
| 10 | | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 174848 |
| | 1 | | | Ауыл шаруашылығы | 117988 |
| | | 473 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі | 117988 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 16851 |
| | | | 005 | Мал көміндiлерiнiң (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс iстеуiн қамтамасыз ету | 10000 |
| | | | 006 | Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру | 600 |
| | | | 007 | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру | 10200 |
| | | | 009 | Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу | 4000 |
| | | | 010 | Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу | 15138 |
| | | | 011 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу | 22777 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 38422 |
| | 6 | | | Жер қатынастары | 54628 |
| | | 463 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі | 54628 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 23291 |
| | | | 003 | Елді-мекендерді жер-шаруашылық орналастыру | 30500 |
| | | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 837 |
| | 9 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер | 2232 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 2232 |
| | | | 099 | Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру | 2232 |
| 11 | | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 84873 |
| | 2 | | | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 84873 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 35093 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 35093 |
| | | 468 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі | 49780 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 18640 |
| | | | 003 | Аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын және елді-мекендердің бас жоспарларын әзірлеу | 31140 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 1347448 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 1324622 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 866 |
| | | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 866 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 1323756 |
| | | | 022 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 2628 |
| | | | 023 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1121128 |
| | | | 045 | Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу | 200000 |
| | 9 | | | Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер | 22826 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 22826 |
| | | | 037 | Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау | 22826 |
| 13 | | | | Басқалар | 80221 |
| | 3 | | | Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау | 28575 |
| | | 454 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі | 1361 |
| | | | 006 | Кәсіпкерлік қызметті қолдау | 1361 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 27214 |
| | | | 026 | «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту | 27214 |
| | 9 | | | Басқалар | 51646 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 908 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру | 908 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 50738 |
| | | | 012 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві | 49585 |
| | | | 026 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 1153 |
| 14 | | | | Борышқа қызмет көрсету | 721 |
| | 1 | | | Борышқа қызмет көрсету | 721 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 721 |
| | | | 021 | Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 721 |
| 15 | | | | Трансферттер | 225205 |
| | 1 | | | Трансферттер | 225205 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 225205 |
| | | | 006 | Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару | 68176 |
| | | | 024 | Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер | 110035 |
| | | | 038 | Субвенциялар | 46567 |
| | | | 051 | Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер | 427 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | III. Таза бюджеттік кредиттеу | 2714188 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 2765981 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 2758406 |
| | 1 | | | Тұрғын үй шаруашылығы | 2758406 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 2758406 |
| | | | 053 | Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру | 2758406 |
| 10 | | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 7575 |
| | 9 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер | 7575 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 7575 |
| | | | 018 | Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер | 7575 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 51793 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 51793 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 51793 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | IV.Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | Қаржылық активтерді сатып алу | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | -3838051 |
| | | | | VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 3838051 |

| Санаты | Сыныбы | Ішкі сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 7 | | | Қарыздар түсімдері | 2765981 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 16 | | | | Қарыздарды өтеу | 51794 |
| | 1 | | | Қарыздарды өтеу | 51794 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 51794 |
| | | | 005 | Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 51793 |
| | | | 022 | Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару | 1 |

| Санаты | Сыныбы | Кішкі сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 1123864 |

►►*6-бетте*

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*(Соңы. Басы 4,5-бетте.)*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 3 мамырдағы XXXIV сессиясының №34/304 шешіміне 2 қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы XXX сессиясының №30/274 шешіміне 5 қосымша*

## 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУЫЛДЫҚ ӘКІМДЕР АППАРАТТАРЫНЫҢ ШЫҒЫНДАРЫ

| Функ-ционал-дық топ | Кіші функ-ция | Бюджеттік бағдарлама-ның әкімшісі | Бағдар-лама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | Барлығы: | 51745 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 25818 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 25927 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 48845 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілдік, атқарушы және басқа органдар | 48845 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 48845 |
| | | | 001 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 48212 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 23533 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 24679 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 633 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 339 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 294 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 1126 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 1126 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1126 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 800 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 800 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 326 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 120 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 206 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 866 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 866 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 866 |
| | | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 866 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 446 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 420 |
| 13 | | | | Басқалар | 908 |
| | 9 | | | Басқалар | 908 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 908 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру | 908 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 580 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 328 |

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 3 мамыр мамырдағы XXXIV сессиясының №34/304 шешіміне 3 қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы XXX сессиясының №30/274 шешіміне 8 қосымша*

## 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНА БЕРІЛЕТІН ТРАНСФЕРТТЕР

| № р/с | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | Барлығы: | 5036 |
| | оның ішінде: | |
| | Ағымдағы нысаналы трансферттер | 5036 |
| | оның ішінде: | |
| | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі, оның ішінде: | 1153 |
| 1 | Азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге | 1153 |
| | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, оның ішінде: | 3883 |
| 2 | Теректі станциясының стихиялық қоқыс үйінділерін жоюға | 3883 |

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті Нормативтік құқықтық акті 06.05.2019 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5320 болып енгізілді***

***Результаты согласования ГУ «Аппарат Жезказганского городского Маслихата» – Главный специалист-Юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 04.05.2019 11:30:38, положительный результат проверки ЭЦП ГУ «Аппарат Жезказганского городского Маслихата» – Секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсынович Медебаев, 04.05.2019 11:36:00, положительный результат проверки ЭЦП ГУ «Аппарат Жезказганского городского Маслихата» – депутат Станислав Валентинович Филипович, 04.05.2019 11:43:15, положительный результат проверки ЭЦП Департамент юстиции Карагандинской области – Руководитель Департамента Асхат Нургазиевич Жусупов, 04.05.2019 15:30:21, положительный результат проверки ЭЦП***

***2019 жылғы 3 мамыр № 34/305 Жезқазған***

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ және ТҰРУҒА КЕЛГЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, БІЛІМ БЕРУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ, МӘДЕНИЕТ, СПОРТ және АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН 2019 ЖЫЛЫ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ

*Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2019 жылғы 8 мамырда нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізіліміне №5325 болып енгізілді*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы №183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы» қаулысына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жезқазған қаласының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шаралары 2019 жылы көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы С. ФИЛИПОВИЧ**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы С.МЕДЕБАЕВ**

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті Нормативтік-құқықтық акті 08.05.2019 Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5325 болып енгізілді***

***Результаты согласования***

***ГУ «Аппарат Жезказганского городского Маслихата» – Главный специалист - Юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 04.05.2019 16:41:19, положительный результат проверки ЭЦП ГУ «Аппарат Жезказганского городского Маслихата» ю Секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсынович Медебаев, 04.05.2019 16:46:00, положительный результат проверки ЭЦП ГУ «Аппарат Жезказганского городского Маслихата» – депутат Станислав Валентинович Филипович, 04.05.2019 16:51:15, положительный результат проверки ЭЦП Департамент юстиции Карагандинской области – Руководитель Департамента Асхат Нургазиевич Жусупов, 06.05.2019 16:29:54, положительный результат проверки ЭЦП***

***2019 жылғы 8 мамыр № 35/312 Жезқазған***

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 26 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ XXXI СЕССИЯСЫНЫҢ №31/284 «2019-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢГІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

*Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2019 жылғы 14 мамырда нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізіліміне №5333 болып енгізілді*

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы XXXI сессиясының №31/284 «2019-2021 жылдарға арналған Кеңгір ауылдық округінің бюджеті туралы» (Нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5118 тіркелген, 2019 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Нормативтік-құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде, 2019 жылғы 11 қаңтардағы №01 (8115) «Сарыарқа» газетінде, 2019 жылғы 18 қаңтардағы №2 (258) «Жезказганский вестник» газетінде жарияланған)шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. 2019-2021 жылдарға арналған Кеңгір ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесікөлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 55627 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 4024 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 51603 мың теңге;
2) шығындар – 55627мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге,
оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 0 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге, оның ішінде:
қарыздар түсімі – 0 мың теңге;
қарыздарды өтеу –0 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге.»;

аталған шешімнің 1, 4 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

**Сессия төрағасы Д.АБАХОВ**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы С.МЕДЕБАЕВ**

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 8 мамырдағы XXXV сессиясының №35/312 шешіміне 1 қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы XXXI сессиясының №31/284 шешіміне 1 қосымша*

## 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | І. Кірістер | 55627 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 4024 |
| | 01 | | Табыс салығы | 280 |
| | | 2 | Жеке табыссалығы | 280 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 3744 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 116 |
| | | 3 | Жер салығы | 83 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 3545 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 51603 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 51603 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 51603 |

| Функ-ционал-дық топ | Кіші функ-ция | Бюджеттік бағдарлама-ның әкімшісі | Бағдар-лама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | ІІ.Шығындар | 55627 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 31902 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 31902 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 31902 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 31383 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 519 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 19927 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 19927 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 19927 |
| | | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 14727 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 5200 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 1398 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 1398 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1398 |
| | | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1398 |
| 13 | | | | Басқалар | 2400 |
| | 9 | | | Басқалар | 2400 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 2400 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдем-десу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 2400 |

| Функ-ционал-дық топ | Кіші функ-ция | Бюджеттік бағдарлама-ның әкімшісі | Бағдар-лама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | III. Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |

| Функ-ционал-дық топ | Кіші функ-ция | Бюджеттік бағдарлама-ның әкімшісі | Бағдар-лама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | IV.Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | Қаржылық активтерді сатып алу | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |

| Функ-ционал-дық топ | Кіші функ-ция | Бюджеттік бағдарлама-ның әкімшісі | Бағдар-лама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | -0 |
| | | | | VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 7 | | | Қарыздар түсімдері | 0 |

| Функ-ционал-дық топ | Кіші функ-ция | Бюджеттік бағдарлама-ның әкімшісі | Бағдар-лама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 16 | | | | Қарыздарды өтеу | 0 |
| | 1 | | | Қарыздарды өтеу | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 0 |

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 8 мамырдағы XXXV сессиясының №35/312 шешіміне 2 қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы XXXI сессиясының №31/284 шешіміне 4 қосымша*

## 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АҒЫМДАҒЫ НЫСАНАЛЫ ТРАНСФЕРТТЕР

| № р/с | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | Ағымдағы нысаналы трансферттер, барлығы | 5036 |
| | оның ішінде: | |
| 1 | Азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге | 1153 |
| 2 | Теректі станциясының стихиялық қоқыс үйінділерін жоюға | 3883 |

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті Нормативтік-құқықтық акті 14.05.2019 Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5333 болып енгізілді***

***Результаты согласования ГУ «Аппарат Жезказганского городского Маслихата» – Главный специалист-Юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 08.05.2019 15:54:20, положительный результат проверки ЭЦП ГУ «Аппарат Жезказганского городского Маслихата» – Секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсынович Медебаев, 08.05.2019 15:58:43, положительный результат проверки ЭЦП ГУ «Аппарат Жезказганского городского Маслихата» – депутат Денис Федорович Абахов, 08.05.2019 16:02:54, положительный результат проверки ЭЦП Департамент юстиции Карагандинской области – Руководитель Департамента Асхат Нургазиевич Жусупов, 13.05.2019 15:03:18, положительный результат проверки ЭЦП***

# ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ

## СУДА САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!

Суға шомылу маусымы бастамалса да, қазіргі уақытта суға бату оқиғалары болып тұрады. Ата-анасының қарауынсыз қалған балалардың суға кетуі ерекше алаңдатушылық тудыруда.

Соңғы бес айда ашық су айдындарында судағы қауіпсіздік қағидаларын сақтамаған балықшылардың суға бату жағдайлары орын алды.

Алдағы суға шомылу маусымында Жезқазған қаласы құтқару бөлімшесі қала тұрғындары мен қонақтарын, балалар лагері мен демалыс орындарының қызметкерлерін, су шаруашылық нысандарының басшыларын өздері мен жақындарына айрықша көңіл аударуға шақырады.

Сақ болыңыздар, судағы қауіпсіздік қағидаларын сақтаңыздар! Бұл өз кезегінде қайғылы оқиғалардың алдын алады.

***Сіздерге әрқашан есте сақтауға тиіс қарапайым қағидаларды ұсынамыз:***

– жүзу білмесеңіз суға беліңізден жоғары тереңдікке бармаңыз;
– балаларды қараусыз қалдырмаңыз;
– мас күйінде суға шомылуға тыйым салынады;
– бейтаныс орындарда суға түспеңіз;
– жағалаудан алысқа ұзамаңыз;
– өзіңізді үнемі бақылауда ұстаңыз;
– түнгі уақытта шомылмаңыз;
– үрленген жүзу құралдарына сенім артпаңыз;
– жүзу кезінде тақтайшаларды және жүзуге арналмаған заттарды пайдаланбаңыз.

***Жүзу құралдарын қолданғанда тыйым салынады:***

– Құтқару және сутөкпе құралдарынсыз жүзуге шықпаңыз;
– Қайықтың ернеуі мен тұмсығына отырмаңыз;
– Бір орыннан екіншісіне, сондай-ақ, судағы бір қайықтан басқасына орын ауыстырмаңыз;
– Қайықтан суға сүңгімеңіз;
– Жүзу құралдарын жолаушылар сыйымдылығы мен жүк көтерімділігінен артық жүктеуге;
– Бөгендер мен бөгеттерге жақын жерлерде жүзу және қайықты көпірдің астына тоқтату қауіпті.

Судағы қайғылы оқиғаның куәгері болған әрбір адам «жедел жәрдемнің» келуін күтпестен зардап шегушіге алғашқы көмек көрсете білуі тиіс.

**Есте сақтаңыз!** Зардап шеккен адамды тыныс алуы тоқтағаннан соң 5-6 минут ішінде өмірге қайтарып алуға болады.

Су аумағында демалу барысында жағалауда және суда төнуі мүмкін қауіп жайлы ұмытпау керек.

Сақтық шараларын ұстану – судағы басты қауіпсіздік талабы.

**Әнуар САҒЫНАЕВ,**
**Жезқазған қаласы Жедел құтқару жасағының бас құтқарушы**

САЛТАНАТ

# МЕДБИКЕ ЕҢБЕГІ – ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

**12 мамыр – Халықаралық мейірбикелер күні. 1971 жылы Дүниежүзілік Медбикелер Кеңесінің ұйғарымымен бастау алып, медбике ісінің негізін салушысы Флоренс Найтингельдің туған күніне орайластырыған осы күнді ресми мереке ретінде атап өту бүгінде дәстүрге айналды. Жезқазғандық ақ халаттылар да бұл күні ұмыт қалмай, олардың құрметіне концерт ұйымдастырылды. Мерекелік шара С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрында өтті.**

Шараны ұйымдастыруға Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжі мен «Мейірім» қоғамдық бірлестігі ұйытқы болған. Кешке мысты қаладағы денсаулық сақтау мекемелерінің медбикелері мен колледж студенттері жиылды.

Жиналғандарды алғаш болып Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледж директоры, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі Меруерт Молдина құттықтады. Ол өз сөзінде медбикелердің жұмысы қиын әрі қызық екенін атап өтті. Сондай-ақ, бүгінде мейірбикелер ісін модернизациялау жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатқанын айтты. Келесі кезекте құттықтауын жолдаған қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова медицина саласына үлес қосып жүрген медбикелерге алғыс білдіріп, жұмыстарына табыс тіледі. Сонымен қатар, қаламыздағы медициналық мекемелерде қызмет етіп жүрген медбикелерді марапаттады. «Қарағанды облысының білім саласына еңбегі сіңген қызметкері» төсбелгісімен қырық жылға жуық шәкірт тәрбиелеп келе жатқан медициналық колледж оқытушылары Балкен Қалиева, Людмила Әлімбетова марапатталды. Медициналық орталықтың функционалдық диагностикалық бөлімнің аға мебдикесі Гүлдария Орынғалиева, көпбейінді аурухананың жан сақтау бөлімінің аға медбикесі Баян Кәукербекова, медициналық колледж медбикесі Наталья Кренцк, «Байменова» ЖШС аға медбикесі Нұрғайша Қыстаубаева Жезқазған қаласының Құрмет грамотасына ие болды.

Мысты қаладағы орта буын медицина қызметкерлерін даярлайтын медициналық колледж елеулі жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Бүгінде бұл білім ордасының түлектері халық ризашылығын алып жүрген ақ халаттылардың қатарында. Атап өткен жөн, колледждің басты жетістігінің бірі – түлектерінің 92% жұмысқа орналастырылған. Сол себепті де бұл білім ошағына «жоғары» деген дәрежесі берілген.

«Нұр Отан» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова да құттықтаушылар қатарынан табылып, жылы лебізін білдірді. Сондай-ақ, «Нұр Отан» партиясының Жезқазған қалалық филиалының Алғыс хатымен медициналық орталықтың неврология бөлімінің медбикесі Елена Салабаеваны, «Тильман» ЖШС медбикесі Ирина Титованы, «Қаратал» өндірістік кооперативінің медбикесі Лиза Бозшина мен көпбейінді аурухана медбикесі Дәрия Өміртаеваны, медициналық колледж зертханашысы Бәкен Әжібековаңы марапаттады.



Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ляззат Ранова, «Мейірім» қоғамдық бірлестігі атынан сөз алған Алма Оразбекова және Жезқазған қаласы денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Кәукер Жақсыгелдиева әріптестерін құттықтап, ақжарма тілегін жеткізіп, бірқатар медицина қызметкерлеріне марапат табыстады.

Кіші буын медицина қызметкерлері бұл күні тек өз ісінің маманы ғана емес, сондай-ақ, өнерден де құр алақан еместіктерін көрсетті. Колледж студенттерімен бірлесіп медбикелер де өлең айтып, би биледі.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

БІЛІМ және ТӘРБИЕ

# «КИЕЛІ ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ КӨШЕСІНДЕ»

***атты әдеби-музыкалық кеш ұйымдастырылды***



**№8 гимназияда «Құндылыққа бағдар: оқу-тәрбие үдерісіндегі инновация» тақырыбында ашық есік күні өтті.**

Оқу жылының соңында әр мектеп есеп беріп, өткенін сараптайды. Қарашаңыраққа айналған №8 гимназия бұл істі қалалық деңгейде өткізуді жөн көріпті. Білім сыналып, еңбек бағаланатын шараға қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова, қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов, мектеп басшылары, ата-аналар, ардагер ұстаздар қатысты.

Ашық есік күнінің басты мақсаты – ұрпақтар сабақтастығындағы кәсіби инновациялық білім негізінде болашақ жастардың кең ауқымды дағдыларын дамыту.

Шараның бірінші бөлімі «Рухани құндылықтар – білім көкжиегінде» деп аталды. Әдістемелік вернисажда келген қонақтар ұстаздар мен оқушылардың зерттеп дайындаған ғылыми жобалары мен оқулықтарымен танысты. «Coworking» зияткерлік алаңында оқушылар сабақтан бос уақытында шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, дженга, монополия сынды зияткерлік ойындарын ойнап, дем ала алады. Сонымен қатар, кітап оқып, шығарма желісі бойынша үш тілде шағын қойылым қойып, қонақтарды таң қалдырды.

Бүгінде жас өркеннің жан-жақты өсіп, дамуына бар жағдай жасалған. Бала мектептегі түрлі курстарға қатысып, өзінің болашақтағы тұтқасын ұстар мамандығын анықтай алады. Гимназиядағы «Қолөнер», «Сөз өнері», «Жас табиғаттанушы», «Жас биолог», «Жас химик», «Жас физик», робототехника үйірмесі осының бірден бір дәлелі.

Ашық есік күнінде оқушылардың әлеуметтік жобалары, эковкест, зерттеу жұмыстары, зертханалық зерттеулері таныстырылды.

Шараның екінші бөлімі Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойына арналды. Қонақтарға «Киелі Жезқазғанның көшелерінде» атты әдеби-музыкалық, тарихи-танымдық кеш ұсынылды. Сонау Кетбұқа баба заманынан бастап мысты қаланың алғашқы кірпішінің қалануы, алғашқы құрылысшылар, Қаныш ата бейнесі, металлургия саласының қарыштап дамуы, Жақсыгелді әндері, кішкентай қалашықтың 65 жылдық тарихы бар үлкен шаһарға айналған Жезқазғанның бүгінгі көрінісі – осының барлығы сахнада бейнеленді. Әрине, қаланың тарихын бір сәтте айтып шығу мүмкін емес. Бірақ, гимназия оқушылары барынша тырысып, сахналандырылған қойылым, би, ән, күйдің көмегімен әдемі кеш әзірлеген. Олар – бүгінгі Жезқазғанның көрінісін бейнелейтін ұландар, олар – мысты қаланың болашағын қалаушылар, олар – кенді де киелі аймақтың балалары. Олар мұны мақтан етеді.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

# ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСҚА ҚАМДАНЫС

**Қаламыздағы №4 орта мектепте мектеп басшылары мен ұстаздарына арналған семинар-кеңес өтті.**

Семинардың тақырыбы – оқушылардың жазғы демалысын, мектеп түлектерінің қоштасу кешін, балалардың жаз мезгіліндегі қауіпсіздігін ұйымдастыру. Жиынға қала мектептерінің басшылары мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысты.

Тағы бір оқу жылы аяқталып, оқушылар кезекті жазғы демалысқа шықпақ. Ертең барлық білім ошақтарында соңғы қоңырау соғылады. Тоғыз ай бойы білім нәрімен сусындаған балалар оқу кезінде тәртіпке бағынса, жаз айларында олар жүктелген жауапкершіліктен босатылады деген сөз емес. Керісінше осы үш ай демалыста оларға ата-ана мен мектеп тарапынан бақылау күшейтілу керек. Өйткені, дәл осы маусымда түрлі оқыс әрі қайғылы жағдайлар орын алып жататыны жасырын емес.

Қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов ашып жүргізген жиында алғаш болып білім бөлімінің тәрбие секторы меңгерушісі Гаухар Жақыпбекова мектеп жанында ашылатын жазғы лагерьлер жайында баяндады. Биыл бірінші маусымнан бастап 17 мектепте сауықтыру лагерьлері ашылып, онда 890 бала қамтамасыз етілсе, екінші маусымда 15 мектепте барлығы 810 бала жазғы демалысын өткізе алады. Жазғы лагерьге аз қамтылған отбасы, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, көп балалы отбасынан шыққан балалар алынады. Барлық мектептер демалысқа қажет жиһаз, төсек сынды құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етіледі. Мұғалімдерден жасақталған тәрбиешілер бөлінеді.

Жезқазған қаласы ювеналды полиция бөлімінің маманы Жансәуле Құрманбаева 2019 жылдың төрт айында жасөспірімдер арасында орын алған құқық бұзушылыққа тоқталып, жаз айларында бұл оқиғалардың жиілейтінін атап өтті. Жыл басынан бері үлкендердің қарауынсыз кешкі уақытта жүрген 138 бала анықталған. Баланы қараусыз қалдырғаны үшін 36 ата-анаға хаттама толтырылды. Жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың үш жағдайы тіркелген. Сондай-ақ, кәмелетке толмағандардың арасында ұрлық, бұзақылыққа қатысты төрт іс тіркелген.

Былтыр мектеппен қоштасу кешінде орын алған қайғылы жағдайды жезқазғандықтар әлі ұмыта қойған жоқ. Сол себепті 25 мамырда, 19 маусымда болатын қоштасу кешінде бақылау күшейтіліп, рейд жүргізіледі. Сонымен қатар, семинарда жастардың жыныстық тәрбиесі жайында да сөз қозғалды.



Сөздің шыны керек, қызды «қырық үйден тыйып» өсірсек те, ардан аттап жатқандары көбейіп келеді. Оқушылар мен колледж студенттері арасында жүктілік, түсік тастау мәселесі де азаймай тұр деп дабыл қағады мамандар.

Қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы Дидар Күйқабаев шомылу кезеңінде балаларды қарусыз қалдырмауды, баланың қолына жанғыш, тез тұтанғыш заттарды бермеу керектігін ескертті. Мектеп басшыларына мектептегі дабыл құралдарының жарамдығын тексеру тапсырылды.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

# ЖАС ТАЛАНТТАР – ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА



**7-10 мамыр аралығында Алматы қаласында «Жеті өнер» III халықаралық балалар мен жастар шығармашылық фестиваль – конкурсы өтті. Аталмыш конкурсқа қатысқан №12 «Салтанат» бөбекжайының тәрбиеленушілері «Көркем сөз», «Хореографиялық өнері», «Эстрадалық ән салу өнері» номинациялары бойынша өз өнерлерін ортаға салды.**

«Көркем сөз» номинациясы бойынша төрт жасар Дәулет Мағауия Кеңес Одағының Батыры, халық қаһарманы, даңқты қолбасшы, қазақтың көрнекті жазушысы Бауыржан Момышұлы атамыздың монологын нақышына келтіріп, актерлік шеберлікпен орындап, Бас жүлдені жеңіп алды. Дәл осы номинацияда Никита Витковский де өнер көрсетті. Ол жас ақын Алмас Темірбайдың «Рақмет саған, ана!» өлеңін орындап шықты. Төрешілердің «Саған да рақмет, Никита!» деген алғысына бөленген Никита да бас жүлде иегері атанды. Балабақшаның ортаңғы топ тәрбиеленушісі Валерия Сорокина Мұқағали Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңін жатқа айтып, жүлделі I орынды жеңіп алды.

«Хореография өнері» номинациясына бөбекжайдың сәбилер және бүлдіршіндер топтары да қатысты. Сәбилер тобы «Вальс» биін жоғары дәрежеде орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленген олар төрешілер тарапынан жоғары бағаланып, бас жүлдені қанжығаларына байлады. Бүлдіршіндер топтарының балғындары қазақ биі «Шалқыманы» жоғары дәрежеде орындап, бас жүлдені иеленді.

Конкурстың екінші күні «Вокал» номинациясы бойынша күміс көмей әншілер сынға түсті. Сәбилер тобының бүлдіршіндері «Ана туралы поппури» әндер топтамасын орындап, қошеметке бөленіп, бас жүлдені иеленді. Бүлдіршіндер тобының қыздары «Қазағым» әнімен жүлделі I орынға тұрақтады. Бөбекжайдың бұлбұл әншісі Әмина Ахметжарова жеке дауыста «Қазағымсың» әнін үздік орындап, көрермендердің көзайымына айналды. Және ата-анасы мен тәрбиешілерін бас жүлдемен қуантты.

«Жеті өнер» III Халықаралық балалар мен жастар шығармашылық фестиваль – конкурсына қатысып, жүлдегер атанған бүлдіршіндерді дайындап, баптаған музыка жетекшісі Аңсаған Сүйменованың, хореограф Әйгерім Мейрамова мен қазақ тілі пәнінің мұғалімі Мөлдір Дүйсеннің және жеңіске жету жолында ынтымақтастықта әрекет еткен ата-аналар қауымы мен бөбекжай директоры Салтанат Жұмабаеваның еңбегі зор.

Конкурс нәтижесі бойынша «салтанаттық» бүлдіршіндер алты бас жүлде, екі I орындарды иеленді. Алдағы күндері де тәрбиеленушілер қала абыройын асқақтатып, алар асулары аласармайтынына сенім мол.

**Нұргүл АЯШЕВА,**
**№12 «Салтанат» бөбекжайының педагогы**



# ДЕРТКЕ ҚАРСЫ ТҰРУДЫҢ ЖОЛЫ – СПОРТ

**Спорттық сауықтыру кешенінде шағын футболдан турнир өтті.**

Дүниежүзілік ЖИТС-тен қайтыс болған адамдарды еске алу күніне арнап өткізілген жарыстың басты мақсаты – қала жұртшылығын зиянды әдеттерден арылып,салауатты өмір салтын ұстануға шақыру.

Қалалық спорт бөлімі, ЖИТС-тің алдын алу және күресу орталығы, «Қазақмыс» корпорация ЖШС«Jastar bolashak» жастар одағы ұйытқы болған турнирге сегіз команда қатысты. Олардың қатарында қала студенттері, «Жомарт» кеніші, Қарсақбай зауыты, құю механикалық зауыты мен жезқазғандық жұмыскер жастарының командалары бар.

«Спорт ЖИТС-ке қарсы!» атты турнирдің ашылу салтанатында «ЖИТС-тің алдын алу және күресу жөніндегі орталығы» Жөзқазған бөлімінің дәрігер-эпидемиологы Гүлжан Турлина, «Жезқазған қаласы спортты дамыту орталығы» қоғамдық бірлестігінің вице-президенті Алданыш Жакешова, «Ютария ltd» ЖШС-нің «Жарқын ақыл» білімді дамыту орталығының директоры Ақансері Сүлейменов, «Jastar bolashaq» жастар одағы басшысының орынбасары Сәкен Қайратұлы қатысып, футболшыларға сәттілік тіледі.

Шара барысында қан құрамында АИТВ жұқпасы бар-жоғын анықтау үшін шұғыл тестілеу өткізіліп, сауалнама жүргізілді. Сондай-ақ, мамандар ғасыр дертін алдын алу шаралары жайында айтып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

АИТВ инфекциясы – бұл халықтың денсаулығына қауіп төндіріп, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық даму үдерісінде, өнімділікте қол жеткізілген табыстарға, адамдардың әл-ауқатына, қоғамның бірлігіне, дамуына кедергі келтіретін дерт. Әлі де емін таппай келе жатқан бұл кеселдің алдын алып, болдырмаудың бір ғана тәсілі бар. Ол – сақтану. Бір реттік қызық үшін, адамның бар өміріне балта шабылуы мүмкін. Сондықтан, ұйымдастырушылар спортпен айналысу арқылы түрлі оның ішінде ЖИТС сынды қауіпті дерттен аулақ болуға болатынын ұғындырды.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

**«Жезқазған темір жол» бекетінде этиологиясы белгісіз безгек ауруын тіркеу бойынша оқу-жаттығу сабақтары өтті.**



# ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ШАРАЛАРЫ ӨТТІ

Жезқазған бекетіне теміржол көлігімен тырысқақ ауруын алып келу оқиғасы тіркелген кездегі санитарлық-профилактикалық шараны Жаңаарқа бөлімшелік көліктегі қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы, Жезқазған қалалық денсаулық сақтау басқармасы және теміржол мекемелері бірлесіп ұйымдастырды. Жаттығу сабағына инфекционист дәрігерлері, жедел жәрдем қызметкерлері, теміржол бекеті полициясы, қаламыздағы медициналық колледж оқытушылары мен оқушылары қатысты.

Жаңаарқа бөлімшелік көліктегі қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысы Мерекеш Бірімжанованың айтуынша, бұндай мазмұндағы іс-шараларды өткізудің басты мақсаты мен міндеті – Жезқазған бекетінде көліктегі қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының санитарлық бақылау пунктінің дайындығын бағалау, Жезқазған қаласындағы медицина ұйымдарының өзара әрекеттестік жұмыстарын ұйымдастыру.

Оқу-жаттығу сабағы барысында Жезқазған бекетіне келіп тоқтаған №307/308 «Нұр-Сұлтан – Жезқазған» жолаушылар пойызының №10 вагонында этиологиясы белгісіз безгек ауруының белгілері бар жолаушы анықталған. Бұл жөнінде вагон жолсерігі поезд басшысына және Жезқазған бекетіндегі карантин пунктіне хабарлады. Жезқазған қаласының дәрігерлері өз кезегінде бригаданы жинақтап науқасты теміржол вокзалында күтіп алды. Науқас жатқан вагон жолаушылары арасында медициналық сауалнама жүргізіліп, оларды медициналық тексеруден өткізді. Науқасты мамандар тексергеннен кейін сараптама жүргізуге жедел жәрдем көлігімен ауруханаға алып кетті. Ал, инфекционист мамандар хлорид ерітіндісімен вагонды залалсыздандырды.

Жалпы аталмыш дертті мынандай белгілер бойынша анықтауға болады: егер жолаушының басы айналып, құсса, дене қызуы көтерілсе, жиі дәретханаға барса дереу дабыл қағу керек екен. Оқу-жаттығу кезінде жауапты мекемелер мен мамандар бұндай қауіпті дерт анықталған жағдайға сақадай сай екендерін тағы бір мәрте дәлелдеді.

**Арайлым КҮНТУҒАНҚЫЗЫ**

**Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының қарарымен 1993 жылдан бастап аталып өтілетін Халықаралық отбасы күні қалың жұртшылықтың назарын отбасы мәселелеріне аударуды, оның мәртебесін көтеруді мақсат тұтады. Бүгінде аталмыш мереке елімізде кеңінен атап өтіледі.**

# ОТБАСЫ КҮНІНЕ АРНАЛДЫ



С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры аталған мерекеге орай отбасылық құндылықтарды дәріптеу, өскелең ұрпақты тұлға ретінде қалыптастыруда отбасы тәрбиесінің маңызын арттыру, әлеуметтік жағдайын көтеру мәселелері арқау болған қойылымдарын көпшілік назарына ұсынып жүр. Солардың бірі – Ә.Оразбековтің «Бір түп алма ағашы» спектаклі. Спектакльді қойған театрдың ардагер артистерінің бірі, ҚР Мәдениет қайраткері Мейрамхан Қожақов. Бір отбасы тағдыры арқылы үлкен әлеуметтік мәселені көтерген спектакль ұзақ жылдардан бері театр репертуарынан түспей келеді. Мереке күні спектакльді көрермен қауым көріп, тамашалады.

Қоюшы режиссер қойылым арқылы мемлекеттің берік іргесін қалайтын, дәстүрлерін жалғастыратын, ұрпақ тәрбиелейтін қастерлі ұя отбасы екенін көрсетуді мақсат еткен. Жалғызбасты аналары «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай» өсірген бауырлардың ер жеткен соң туған ұяларына ат ізін салуды сиретіп, бір-біріне қамқорлығы азайып, әрқайсысы қара бастарының қамын күйттеген күйкі тірліктері арқылы қазіргі өмірдің ащы шындығы бейнеленген.

Наурыз айында театр әкімшілігі көп балалы аналарға, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иелеріне жыл ішінде қойылатын 10 спектакльге тегін кіру құқығын беретін 50 театр абонементін тапсырған еді, сондықтан аталған қойылымға осы топқа жататын аналар тегін кірді.

Бұл күні бүлдіршіндер де назардан сырт қалмады. Олар үшін қуыршақ труппасы Н.Осипованың «Қошақан» спектаклін ұсынады. Кішкентай қошақанның ауырып қалған анасын емдеп жазу үшін жолында кездескен қиындықтың бәрін жеңіп шығып, анасын құтқарып қалғаны туралы тағылымдық спектакль кішкентай көрермендердің көңілінен шықты. Қалыптасқан дәстүр бойынша спектакльге әлеуметтік жағынан әлсіз топқа жататын аз қамтамасыз етілген отбасы балалары тегін кірді.

**Үмітай МОЛДАБЕРГЕН,**
**С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры әдебиет бөлімінің меңгерушісі**

**С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық–драма театрында «ҚазТрансОйл» АҚ Жезқазған мұнай құбыры басқармасы қайырымдылық іс-шарасын ұйымдастырды.**



# ТЕАТРДАҒЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Аталмыш компания әрдайым өз қызметкерлерінің рухани-мәдени дамып, демалуына аса мән береді. Күйбең тірлікпен жүріп, өз жағдайын ұмытып жүрген адамдар қаншама?! Ал, адамның физикалық тұрғыдан гөрі, моральдық шаршауы денсаулықтың нашарлауы, жүйке жүйесінің жұқаруына алып келеді. Сол себептен «қара алтын» өндірушілер түрлі шараларға қатысып, белсенділік танытады.

Халықаралық отбасы күніне орай және ұжым мүшелерінің рухани қажеттілігін қанағаттандыру мақсатына «ҚазТрансОйл» компаниясы А.Коровкиннің «Тәтелер» спектаклін көрерменмен толық қамтамасыз етті. 300 орындық залдың толық шығынын көтерген мекеме бұл күні аз қамтылған отбасы мүшелеріне, көп балалы аналарға, еңбек ардагерлеріне, мүгедектер мен қоғамның әлеуметтік жағынан қамқорлықты қажет ететін әлсіз топтарға барлығына таныс, сүйікті комедияға айналған қойылымды тегін көруге мүмкіндік берді.

«ҚазТрансОйл» АҚ жас мамандар кеңесінің маманы Жандос Шаймарданов бұндай шаралар «Жастар жылы» аясында өткізіліп жатқанын атап өтті. Алдағы уақытта 1 маусым – балаларды қорғау күні де қызметкерлердің балаларын театрға алып келу жоспарда бар екенін жеткізді.

Қайырымдылық жасауға асыққан жомарт жандар көбейіп, қоғамның әлсіз тобы әрдайым қолдауға ие болса деген жалғыз тілек бар.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**